№27 (312).
29 қазан,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен
жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың

«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ»

атты Қазақстан халқына Жолдауы

Қадірлі отандастар!

Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Бүгін мен Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауымды жариялаймын. Бұл Жолдаудың мәні де, мазмұны да айрықша.

25 қазанда ұлттық мерекеміз – Республика күнін атап өттік. Осы күні Егемендік туралы декларация қабылданды. Біз дербес ел болу жолында батыл қадам жасадық. Көп ұзамай Тәуелсіздік туын биікке көтеріп, елдігіміздің іргесін бекіттік.

Міне, биыл қасиетті Тәуелсіздігімізге 35 жыл толып жатыр. Бұл тарихи меженің ұлт шежіресінде алатын орны бөлек.

Биыл наурыз айында халқымыз мемлекеттігіміздің негізгі тірегін – Конституциямызды қабылдады. Бұл тұтас еліміз үшін тарихи мән-мағынасы терең оқиға болды.

Конституцияны бірнеше ұрпақтар арасындағы қастерлі келісім деп атауға болады. Өйткені Конституцияда Қазақстанның қазіргі бітім-болмысы мен болашақтағы бейнесі нақты айқындалды.

Азаматтарымыз жаппай қолдаған Конституция 1 шілдеде заңды күшіне еніп, еліміздің саяси жүйесінің түбегейлі жаңғыруына, жаңа билік институттарының құрылуына үлкен серпіліс берді. Жұртымыз жарқын болашаққа бастайтын ауқымды жұмысты атқаруға белсенді түрде кірісті.

Ел өміріндегі тарихи өзгерістердің барлығы халықтың көз алдында болып жатыр. Бұл мәселе аса маңызды болса да, көп сөз айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Бүгін мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі ойларыммен бөлісемін, алдағы мақсат-міндеттерге тоқталамын.

Ашығын айтсақ, бүгінде тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қорғауға қатысты барлық мәселе әлі толықтай шешімін тапқан жоқ. Бұл – алдымызда көптеген өзекті міндет тұр деген сөз.

Жұмысты ойдағыдай орындау үшін, ең алдымен, бүкіл қоғамымыз тату болуы керек. Бірлік пен келісім болмаса, ешқандай реформа және ілгерілеу болмайтыны айдан анық.

Қазір жаһандық сын-қатерлер әлдеқайда қауіпті сипат алған кезде қоғамымызда талап пен тәртіпке басымдық беруіміз қажет.

Қазіргі таңда әлем елдері арасында ақылға қонымсыз жалған айыптаулар, астыртын текетірестер күшейді, ал алпауыт, ықпалды мемлекеттердің арасында жаппай өзара сенім дағдарысы пайда болды.

Бақылаусыз, жүйесіз көші-қон ағындары әлдеқайда көбейді, бұл бірнеше еуропалық елдің қауіпсіздігіне үлкен зиян келтіргеніне көзіміз жетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының абырой-беделі үлкен тоқырауға ұшырады. Халықаралық құқықтың құндылығы төмендеп кетті. Қысқасы, қазіргі әлем бұлыңғыр дәуірге аяқ басты, оның келешегі қандай болатыны туралы саясаткерлер мен сарапшылар арасында біртұтас пікір жоқ.

Күллі әлем жұртшылығы аласапыран кезеңде өмір сүріп жатыр десек, артық болмас. Мұндай күрделі, болжамсыз ахуал «қырғи-қабақ соғыс» кезінде де болмаған еді.

Дәл осындай құбылмалы заманға қарамастан, Қазақстан ел дамуының жаңа дәуіріне үлкен сеніммен қадам басып, кең ауқымды саяси реформаны іске асырды. Бұл – дүние жүзінде өте сирек кездесетін құбылыс.

Енді алдағы уақытта да еліміздің егемендігін нығайтуымыз керек. Бұл – қазіргі әлемдегі бұлыңғыр ахуалда ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, өсіп-өркендеу деген сөз.

Осы жолда бүкіл қоғам, соның ішінде отаншыл, белсенді, білімді азаматтар қарқынды еңбек етуі керек. Құрылтай депутаттарына да үмітім зор.

Осындай жағдайда мемлекеттік аппарат пен құқық қорғау мекемелерінің рөлі аса маңызды екені баршаңызға түсінікті.

Басқаша айтқанда, қазіргі буын өкілдері, яғни біз келе жатқан жас ұрпақтарға жоспарлар мен тұжырымдар емес, экономикасы қуатты және қарқынды, жоғары технологиялары дамыған, білім мен ғылымға негізделген, заңды мойындайтын, жасампаз әрі озық, геосаяси тұрғыдан күші мен ықпалы бар Қазақстанды қалдыруымыз керек.

Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған нағыз стратегиялық міндет.

Құрметті депутаттар!

Құрметті Үкімет мүшелері!

Еліміз ұдайы қарқынды дамуы үшін ауқымды міндеттерді сапалы әрі жедел іске асыру өте маңызды.

Азаматтарымыз толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылуы керек. Бұл – халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты.

Сондықтан басты назарды инфрақұрылым құру ісіне аударамыз.

Бұған дейін де айттым: Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуға тиіс. Мәселе жекелеген жобаларға қатысты болып отырған жоқ.

Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет.

Бірінші кезекте, жан-жақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек.

Біз ауыл-аймақтарды дамыту мәселесін әрдайым ерекше бақылауда ұстаймыз. Ауылдағы тұрғындардың лайықты өмір сүруі үшін барынша жағдай жасап отырмыз.

Алайда, қазір экономика, білім мен технологияның тірегі де, таланттарды шыңдайтын да негізгі қалалар екенін атап өткен жөн.

Сайып келгенде, қуатты қалалар қуатты аймақтардың, ал қуатты аймақтар күшті мемлекеттің негізін қалайды. Сондықтан әрбір ірі қаланың Үкімет бекіткен нақты орта және ұзақ мерзімдегі даму жоспары болуға тиіс.

Сонымен қатар қала ресурсын тиімді басқару үшін Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, қала инфрақұрылымының цифрлық сынарын көп ұзамай әзірлеуге тиіс.

Қалалардың қауіпсіз, жайлы, көрікті болуына басымдық, яғни приоритет ретінде қарай отырып, бұл істі аса маңызды мемлекеттік міндет деп қабылдау керек. Бұл – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық тұжырымдамасына толық сай келетін талап.

Егер қала қарқынды дамитын болса, сол өңірдің экономикасы да өркендейді, адами әлеуеті де артады.

Осы орайда әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нысандар салуға және оны жаңғыртуға ерекше мән береміз. Бұған біздің күшіміз де, мүмкіндігіміз де жетеді.

2-бетте »

ҚАЗАҚСТАНДА ФИЗИКАЛЫҚ АІ ДАМИДЫ

Саясат Нұрбек NVIDIA технологияларын ғылым мен өндіріске енгізу мүмкіндіктерін таныстырды



Астанаға NVIDIA компаниясының негізін қалаушы әрі бас директоры Дженсен Хуангтың алғаш рет келуі Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы халықаралық ынтымақтастығын дамыту тұрғысынан маңызды оқиға болды. Кездесу барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еліміздің технологиялық әлеуетін, жоғары білім беру жүйесіндегі цифрлық жаңғыру нәтижелерін таныстырып, физикалық жасанды интеллектіні дамытуға бағытталған бастамаларды ұсынды.

6-бетте »

Жанар ӘЛІБЕККЫЗЫ:

«ТҮРКІСТАННЫҢ КЕЛБЕТІ – ТҮРКІСТАНДЫҚТАН БАСТАЛАДЫ»

Түркістанның бай тарихы бүгінгі тұрғынның өмір салтынан қалай көрінуі керек? Халық пен билікке арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық құндылықтарды күнделікті дағдыға айналдыру үшін неден бастаған жөн? Бұл сұрақтар Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының басшысы қызметіне кіріскен Жанар Бектаеваның алдағы жұмысымен тікелей сабақтас.

Жаңа қызметке келгенімен, саланың тыныcы мен жауапкершілігін бұрыннан білетін Жанар Әлібекқызының өңірдің қоғамдық дамуына қатысты пайымы қандай? Бүгін өзекті сұрақтарды алға тартып, алдағы жұмыстың басымдықтары мен Түркістанның қоғамдық келбеті жөнінде әңгіме өрбітудің орайы түсті.



– Жанар Әлібекқызы, Түркістан облысының ішкі саясаты мен қоғамдық құндылықтарын дамытудың 2027-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеудегі негізгі мақсат қандай?

– Түркістан – тарихи жады мен рухани мұрасы терең өңір. Бұл мұра бізге мақтанышпен бірге жауапкершілік те жүктейді. Тарихты білу, ұлы тұлғаларды құрметтеу олардың өнегесін бүгінгі өмірде жалғастырумен құнды.

5-бетте »

МҰҚАҒАЛИ МЕН ЗЕЙНОЛЛА

(Тағдырлардың тағдыры)



Мұқағали Мақатаевтың Зейнолла Шүкіровке арнаған өлеңі бар. Бұл бір өте қызық тақырып. Мен Зейнолла аға өмірге келген Бөген ауылынан жиырма-отыз шақырым жердегі Қаратерең деген ауылда туып-өстім. Сондықтан жас күнімізден ол кісі туралы мәліметке біршама қанықпыз. «Хабар» агенттігінде қызмет істеп жүрген кезімде Қызылордаға барып, «Көзкөрген» бағдарламасы бойынша Зейнолла Шүкіров туралы хабар әзірледім. Бұл хабарды дайындауға Зекеңнің ұлы есебінде тәрбиеленген інісі Алпысбай көмектесті. Зекеңнің сегіз жасында түйеден құлап, мертіккен жерін көрдім. Ақынның мұрасын ұқыптылықпен сақтап, жариялаумен айналысып келе жатқан Алпысбайдың қолында деректер жеткілікті екен. Мұқағали мен Зейнолланың қарым-қатынасы өте жақсы болған. Бірін-бірі қатты қадірлеген. Ара-тұра хат алысып тұрған көрінеді. Алпысбайдың архивінде Мұқағалидың Зекеңе жазған екі хаты сақтаулы. Мұқағали 1963 жылы Қызылорда облысына келіпті. Сол сапарында Қазалы ауданында да болған сияқты. Себебі ақынның жұртқа белгілі «Қазалы желі» деген өлеңі бар.

Мен бірде Алматыда сол Қазалы ауданынан шыққан бір полковник қартпен кездестім. Ол былай деді: «Ілгеріде біздің ауданға Мұқағали мен Жағда Бабалықов бірге келді. Мектептің жай ғана мұғалімі едім. Оларға қызмет қылып жүрген маған Жағда Бабалықов: «Айналайын, мен сияқты полковник бол!», – деп бата берді. Мен іштей: «Мына кісінің батасы қызық екен. Әскерге мүлде қатысым жоқ мен қалайша полковник боламын? Одан да «Завуч бол, қалқам!» деп неге айтпайды?», – деп ойладым. Бұл тағдыр дегенді қойсаңшы, ұзамай әртүрлі себеппен ішкі істер саласына болмашы ғана қызметке ауысып кеттім. Сөйтіп, сонда өсіп-жетіліп, енді міне арада қырық жыл уақыт өткенде шыннымен де полковник болып отырмын!». Қайран, Мұқаңа серік болған Жағда көкем! Сөзінің дуасы болып тұр ғой. Мұқағалидың Қазалыда болуына қатысты естіген әңгімем осы.

8-бетте »

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» атты Қазақстан халқына Жолдауы

(Жалғасы. Басы 1-бетте).



Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің жалпы ішкі өнімі 400 миллиард долларға жуықтайды. Оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың доллардан асатын болды.

Еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47 орынға көтеріледі. Бұл – халқының саны бізден әлдеқайда көп бірқатар елдің көрсеткішінен жоғары деңгей деген сөз.

Өңдеу өнеркәсібі де қарқынды дамуда. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 14 пайыздан асты. Бұл – ұлттық экономиканы әртараптандыру бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Алтын-валюта резерві мен Ұлттық қор активтерінің көлемі 130 миллиард доллардан асты.

Енді осы қуатты әлеуетімізді инфрақұрылымды жаңғыртуға, еліміздің әр аймағын көркейтуге бағыттауымыз қажет.

Сондықтан мен бұған дейін айтқан ауқымды құрылыс бастамасын белсенді түрде жүзеге асыруды тапсырамын. Соған сәйкес бүкіл ел бойынша аса қажетті әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынады.

Үкімет бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлейді. Бұл ауқымды жұмысты іске асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айы ішінде әлеуметтік жобаларды іске қосу үшін 1,5 триллион теңге көлемінде қаражат қарастыру қажет.

Ұлттық қордың ең басты мақсаты, миссиясы – ел байлығын ұқыпты ұстау және одан әрі арттыру, сондай-ақ, оны қазіргі және келешек ұрпақтың игілігіне жарату.

Ұлттық қор көп жылдар бойы осы негізгі міндетті лайықты орындап келеді, яғни қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосуда.

Жас ұрпақтың игілігін ойласақ, бұл бағытта қазірден бастап нақты әрі батыл қадамдар жасауымыз керек. Өзекті мәселелерді кейінге қалдыруға болмайды. Әр мәселе өз шешімін табуға тиіс. Басты талап – осы. Кейінгі буынға өркениетті, озық, жаңарған мемлекетті аманат етуіміз керек. Бұл – біздің міндетіміз және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Бір сөзбен айтқанда, біз осы тарихи жауапкершілікті терең сезіне отырып, өскелең ұрпақтың игілігі үшін мол қаржы қалдырумен қатар, технологиялық тұрғыдан өркендеген, бәсекеге қабілетті әрі күшті экономикасы, озық инфрақұрылымы бар, өмір сүру үшін қолайлы, әр азаматтың өзін-өзі дамытуына барлық жағдай жасалған жаңа тұрпатты мемлекет құрып, аманат етуіміз керек.

Мұны ең басты міндетіміз, тіпті тарихи маңызы бар миссиямыз деп айтуға болады.

Бұл – адам капиталын дамытуға, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, яғни ел болашағына салынатын ұзақ мерзімге арналған инвестиция.

Бірақ Ұлттық қордың ресурсын жинақтау және оны пайдалану арасында теңгерім сақталуға тиіс. Қаражатты тек қоғамға барынша пайдалы дүниеге ғана жарату керек.

Ең бастысы, жұмсалған ақшаның экономикалық және әлеуметтік қайтарымы болуы қажет. Өйткені бөлінетін мемлекет қаражатының негізгі мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру.

Тиісті жобаларды жүзеге асыруға материалдық-техникалық жағдайы жақсы және мол тәжірибесі бар жергілікті жердегі шағын және орта бизнес өкілдерін тартқан жөн. Бүкіл құрылыстың барысы қатаң бақылауға алынады.

Бірінші кезекте аймақтарда 70-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынады.

Перзентханалар, ауруханалар, жедел медициналық көмек көрсету станциялары, балаларға арналған оңалту орталықтары мен ерекше балалардың сұранысына сай спортзалдар бой көтереді.

Сондай-ақ 50-ге жуық білім беру, спорт және мәдениет мекемелерінің құрылысы басталады.

Осындай аса қажетті, сапалы нысандардың құрылысын жедел түрде бастап, көп ұзамай іске қосуымыз керек. Бұдан бөлек, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына қомақты қаржы бөлінеді. Көптеген елді мекендерге газ және таза ауыз су тартылады.

Үкімет жыл соңына дейін нақты жобалардың бастапқы тізімін әзірлейді. Бұл тізім барлық аймақты қамтуы керек.

Біз халқымыздың артып отырған зор үмітіне лайық болуымыз қажет.

Бұл жоспарымыз ел игілігін арттыруға арналып отыр, басқа астарлы ойымыз жоқ. Сондықтан осы үлкен құрылыс қозғалысына «Халықтық құрылыс» деген атау берсек, қарсылық болмас деп сенемін.

«Халықтық құрылыс» бағдарламасы азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, дамуына, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба болмақ.

Аталған бастама жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтиды, оның игілігін тұтас халқымыз, әсіресе, өскелең ұрпақ көреді деп кәміл сенемін.

Келесі мәселе. Логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән беру қажет. Бұл – еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпал ететін маңызды фактордың бірі.

Қазіргі таңда логистика мәселесімен барлық елдер айналысуда. Дамыған көлік логистикасы болмаса, тіпті, бүгінгі күшті ел ертең құрдымға кетеді.

Келесі жылы елімізде «Бақты – Аягөз» теміржол желісі іске қосылады. Жаңа бағыттың арқасында Қытаймен арадағы жүк өткізу мүмкіндігі 20 миллион тоннаға артады.

Тамыз айында «Арал – Каспий» күре жолының құрылысы басталды. Бұл жоба Транскаспий дәлізінің қашықтығын шамамен 1 мың шақырымға қысқартып, жүк жеткізу мерзімін үш күнге дейін азайтады.

Үкімет осы салада қолға алынған барлық жобаның сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауға алады.

Қазір әлем логистикасы ауқымды өзгерістер және қарқынды даму кезеңін бастан өткеріп жатыр.

Теңіз жолдарындағы тұрақсыз жағдай құрлықтағы көлік дәліздерінің стратегиялық маңызын арттыра түсті.

Қазақстан іс жүзінде Еуразиядағы жетекші логистикалық орталықтың біріне айналуы үшін осы тарихи мүмкіндікті мүлт жібермеуге тиіс.

Қазірдің өзінде Қытайдан Еуропа құрлығына тасымалданатын жүктің 85 пайызы біздің аумағымыз арқылы өтеді.

Алайда барға қанағат етіп, тоқмейілсіп отыру – болашақта көш соңында қалу деген сөз.

Біз халықаралық жүк тасымалы ағындарының толыққанды ұйымдастырушысы болуымыз керек.

Бұл үшін отандық логистикалық операторларды дамытып, жүктерді шоғырландырумен және бөлумен айналысатын орталықтар құруға баса назар аударған жөн.

Сондай-ақ, көлік тораптарының айналасынан жаңа өндірістер мен сауда орындарын ашу маңызды.

Біз Қазақстанның барлық аймағын байланыстыратын, яғни, еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтетін заманауи, өте дамыған теміржол және көлік жолдарының тұтас желісін құруымыз керек. Бұл – стратегиялық міндет.

Еліміз арқылы тасымалданатын жүк көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Демек біздің алдымызда жол инфрақұрылымын жақсарта түсу міндеті әлі де тұр. Бұл, әсіресе, солтүстік аймақтарға қатысты өзекті мәселе.

Сондықтан ендігі кезекте «Көкшетау – Петропавл» тас жолын кеңейту ісіне кірісу керек.

Автокөлікпен жүк тасымалдайтын отандық кәсіпкерлерімізге жәрдем көрсету қажет. Себебі Қазақстан арқылы өтетін автокөлік транзитінің жартысынан көбі шетелдіктерге тиесілі. Осы саланы да ретке келтіретін уақыт келді, Үкімет тиісті іс-әрекеттерді қолданады.

Негізгі мақсат – еліміздің жолдарының әлеуетін нығайтып, азаматтарымыздың табысын арттыру.

Келесі жылы еліміздегі автокөлік өткізу бекеттерін түгелдей сапалы жаңғырту жұмыстары аяқталуға тиіс. Күні кешеге дейін бұл жұмыс атүсті атқарылып келді.

Алдымызда республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық жолдарды сапалы салуға қатысты аса маңызды міндет тұр.

Бұл салада мәселе аз емес. Орталық және жергілікті атқарушы органдар қолданыстағы ережелер мен регламенттерді алға тартып, мәселені шешуді созбалаңға салады. Соның салдарынан мәселе қорланғанның үстіне қордаланып, әбден тығырыққа тірелгені жасырын емес.

Сондықтан менің тапсырмама сәйкес, еліміздегі бүкіл жолдың 26 пайызын алып жатқан республикалық (орталық) және әкімдіктердің қарауындағы жергілікті жолдарға қатысты барлық мәселемен Үкімет, соның ішінде Көлік министрлігі айналысуға тиіс.

Қайталап айтамын: Бізге сапасы өте жоғары жолдар керек.

Битум мен қиыршық тастардың сапасын алға тартып, сылтау айтуға жол берілмейді.

Естеріңізге салайын: қызмет көрсетуге арналған заманауи инфрақұрылымы бар сапалы жолдар болмаса, Қазақстан жаһандық деңгейдегі транзиттік аймаққа, яғни Еуразияның көлік-логистикалық орталығына айнала алмайды. Бұл жұмыстардың түпкі мәні – осында. Біз бұл міндетті қалайда орындауымыз керек.

Егер шекарамыз көлік қозғалысын тежеп, ұзын-сонар кептеліс туындататын «тар өткелге» айналса, Қазақстан бұл салада көшбасшы болады деп айтудың өзі орынсыз. Қазір осы күйді кешіп отырғанымыз жасырын емес.

Еуропа мен Азияның арасын жалғайтын негізгі әуе дәліздері еліміздің аумағы арқылы өтеді.

Бұл – біздің бәсекеге қабілетімізді арттыра алатын басымдығымыз. Алайда, осы артықшылығымыз әзірге қағаз бетіндегі әсерлі есеп күйінде ғана қалып отыр.

Осы басымдығымызды тиімді пайдалану үшін жерде қызмет көрсетуге арналған озық инфрақұрылым құру қажет. Бұл – әлемде бар тәжірибе. Ал, әзірге қыруар табыс уысымыздан шығып кетіп жатыр.

Жеке «Air Cargo» компаниясына зор үміт артылды. Бұл компанияның қаржылық әлеуеті зор. Шетелдің үздік мамандарына жалақы төлеуге де мүмкіндігі мол. Дербес шешім қабылдай алады. Дегенмен, әзірге қабылданған шешім де, нақты нәтиже де жоқ.

Сіздерге зор сенім артылып отыр. Енді нәтиже күтеміз.

Қазір Қазақстанда бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатыр. Мұндай нысандарды бір мезетте салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған.

Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылады.

Келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастаймыз.

Қазақстан Еуразияның негізгі көлік хабы болуы үшін көптеген маңызды міндетті орындауға тиіс. Бірінші кезекте көлік саласын, соның ішінде халықаралық бағыттарды толық цифрландыру қажет.

Жасанды интеллект дәуірінде жаһандық транзит ағындарын қағаз жүзінде басқару – ақылға қонымсыз іс. Бұл – құрдымға апаратын ең төте жол.

Қазіргі жағдайда қуат көзінің жеткілікті деңгейде болуы әр мемлекеттің бәсекеге қабілетін, тіпті экономикалық дербестігін айқындайтын шешуші факторға айналды.

Осы кезеңді шын мәнінде «электр дәуірі» деп айтуға болады. Қазақстан өзінің шикізаттық артықшылығын энергетикалық және технологиялық тұрғыдан өрлеу үшін пайдалануға тиіс. Бұл – айрықша маңызды міндет.

Ашығын айтсақ, бұл тұста қордаланған мәселе өте көп.

Білікті энергетик мамандарымыз саусақпен санарлық. Есесіне, энергетика саласындағы түйткілдерге арналған форумдар мен пікірталастар жиі әрі кең ауқымда өткізіледі.

Алайда Қазақстан жыл сайын энергияның елеулі тапшылығымен бетпе-бет келіп жатады. Соның салдарынан, қыс мезгілінде, яғни электр энергиясына сұраныс шарықтайтын кезеңде көрші елдерден қуат көзін қымбат бағамен сатып алуға мәжбүрміз. Ал жаз айларында өзге елдерге энергияны тым төмен бағамен сатамыз.

Осындай құйтырқы әрекет ондаған жылдан бері жалғасып келеді. Маған мұны энергетика саласындағы қалыпты жағдай деп түсіндіріп бағуда.

Кезінде Балқаштағы ЖЭО құрылысының аяқталмай қалуына да осы жайт себеп болды.

Қазір де Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұздағы жаңа генерация қуаттарын іске қосу мерзімдері кейінге шегеріліп жатыр.

Қазақстан бүгінде сағатына 123 миллиард киловатт электр энергиясын өндіреді.

Қуат көзінің мұндай көлемі өнеркәсіп пен құрылыс саласын, ауыл шаруашылығы кешендерін қарқынды дамытып жатқан, ең бастысы, экономиканы жаппай цифрландыруды, жасанды интеллектіні қоғамның барлық саласына енгізуді және осыған байланысты деректерді өңдеу орталықтарын салуды жоспарлап отырған ел үшін мүлдем жеткіліксіз.

Сондықтан еліміз 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге жету керек. Бұл – біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндет.

Сол үшін жаңа электр станцияларын салып, қолданыстағы нысандар мен электр желілерін жаңғыртуға тиіспіз.

Сонымен қатар «таза» көмір генерациясын толыққанды дамытып, жаңартылатын қуат көздерін өндіру ісіне, соның ішінде күн электр станцияларын кеңінен қолдануға баса мән беруіміз керек.

Жалпы, Үкімет 2035 жылға дейінгі ұзақ мерзімге арналған бірыңғай энергетикалық теңгерімді қайта қарауға тиіс.

Бұл орайда атом генерациясының маңызы айрықша. Жалпы ұлттық референдумның нәтижесінде елімізде бірнеше атом электр станциясын салу туралы дұрыс шешім қабылданды.

Бұл станцияларды елу жылдан кейін, тіпті, одан арғы уақытта уран шикізатымен қалай қамтамасыз ететінімізді қазірден бастап ойластыруымыз керек.

Қазақстандағы атом электр станцияларының қажеттілігін өтеу үшін уранның алдағы жүз жылға жететін мемлекеттік стратегиялық қорын құру жөніндегі ұсыныс өте орынды. Бұл бастаманы жанжақты пысықтау қажет деп санаймын.

АЭС құрылысына қатысатын шетелдік серіктестерді Қазақстанда жоғары технологиялық өндіріс орындарын ашуға, ядролық энергетика саласындағы тәжірибесімен бөлісуге, атом энергетикасы саласына қажетті мамандарды даярлауға кеңінен тарту маңызды. Ресей мен Қытай компанияларынан осындай ұсыныстар түсіп жатыр.

Келесі жылы «Балқаш» АЭС-інің құрылысын бастауға болады. Тіпті, бастауымыз қажет деп санаймын. Сондай-ақ, «Мойынқұм» АЭС-інің құрылысын мүмкіндігінше тезірек бастау үшін кешенді ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған жөн.

Әрине, келіссөздердің әр тармағы Қазақстанның ұлттық мүддесі тұрғысынан мұқият пысықталып, жан-жақты келісілуі керек.

Жалпы, азаматтық инфрақұрылымды жаппай жаңғырту және қайта құру ісіне бүкіл ел болып кірісетін боламыз.

Дегенмен мұндай маңызды стратегиялық міндетті орындау кезінде тек мемлекеттің ресурсына арқа сүйеуге мүлдем болмайды.

Бұл кәсіпкерлердің белсенділігін төмендетіп, патернализмге (соның ішінде экономикадағы), яғни масылдыққа әкеп соғады. Оның салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті деп ойлаймын.

Үкіметтің алдында ұзақмерзімді қаражат көздерінің барлығын жұмылдыру міндеті тұр.

Мұны заң талаптарын бұзбай әрі мемлекет мүддесіне сай қалай жүзеге асыруға болатынын қаржы қауымдастығымен бірлесіп, жан-жақты ойластырған жөн.

Қабылданатын шешімдер қарапайым қисынға негізделеді: мемлекет қаражаты жеке инвестиция тартуға кепіл болуы керек.

Бұған қоса, еліміздің индустриялық-технологиялық тұрғыдан жедел дамуына қажетті тетіктерді әзірлеу керек.

Қазақстан – минералдар мен шикізатқа бай мемлекет. Бұл – біз үшін стратегиялық жетістік.

Сондықтан геологиялық барлау тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет. Жаңа кен орындарын бұрынғы заманнан қалған әдістермен іздеу оң нәтиже бермейтіні анық. Қазіргі таңда геологияны жоғары технологиялық сала ретінде мойындауымыз керек.

Бізге озық технологиялардың көмегімен еліміздің жер қойнауын толыққанды зерттеп, деректердің ашықтығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Жаңа кен орындарын іздеу және барлау үдерісіне жеке қаражатты белсенді тартқан жөн.

Бәріңізге мәлім, қазір айрықша маңызды металдардың рөлі артып келеді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, бізге де осындай металдардың қорын тиімді басқаратын ұлттық жүйе құру қажет.

Аталған жүйеде тау-кен саласындағы жобаларды ұзақмерзімді қаржыландыруға мүмкіндік беретін нақты тетіктер болуға тиіс.

Елімізде осы бағытта жұмыс істеп жатқан кәсіпорындармен оффтейк-келісімшарт жасау арқылы кепілді сұранысты қамтамасыз еткен жөн. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Осы мәселені кәсіпкерлермен бірлесе талқылап, жыл соңына дейін маған нақты ұсыныс енгізу қажет.

Сондай-ақ сарапшылар мен мамандардың пікіріне сүйенсек, ұлттық түрлі-түсті және сирек кездесетін металдардың қорын қалыптастыру қажеттілігі пайда болып жатыр.

Түпкі мақсат – елімізді жаһандық өндіріс тізбегіне қосу. Экспорттық саясатымыз да осы мақсатқа сай жүргізілуі керек.

Үкімет бұл саладағы дамыған елдермен стратегиялық серіктестік орнатуға тиіс.

Жаңадан ашылған кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған жергілікті бизнес нысандарына орынсыз кедергі келтірмеуі керек. Инвесторларды тартқан кезде де осы мәселеге мән беріп, әр аймақты, әр саланы мұқият зерделеген жөн.

Қате шешімдердің салдары қандай теріс нәтижелерге әкеп соқтырғанын көріп отырмыз.

Мәселен, елімізде металл өндіретін Qarmet деген ірі кәсіпорын бар. Соған қарамастан, тағы үш облыста дәл осындай өндіріс орындарын ашу жоспарланған. Осы кәсіпорындардың өнімі нарықтың сұранысына ие бола ма? Бұл сұраққа нақты жауап жоқ сияқты. Сондықтан осындай үйлесімсіз шешімдердің пайдасы күмәнді екеніне дау жоқ.

Мекемеаралық байланысты нығайтпасақ, экономикамыз өз әлеуетін жоғалтып алады. Әрбір аймақ өзінің басымдықтарын айқындап, соған сай жұмыс істеуі керек.

Осы мәселе бойынша Үкіметтің үйлестіру рөлін әлдеқайда күшейту қажет екені анық. Бірақ аймақтар жекелеген салаға немесе кәсіпорынға тәуелді болып қалмауға тиіс. Сондықтан өңірде негізгі саланы дамыта отырып, оның айналасында және ішінде де толыққанды біртұтас жүйе құру маңызды.

Атап айтқанда, білім беру, қолданбалы ғылым, логистика, қызмет көрсету салаларын, сабақтас өндірістерді және технологиялық кәсіпкерлікті дамытқан жөн.

«Халықтық құрылыс» әр аймақта осындай жүйе, яғни қазіргі тілмен айтсақ, экожүйе құруға оң ықпал ететініне сенім бар.

Келесі мәселе. Ауыл шаруашылығының одан әрі қарқынды дамуына барлық күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Былтыр бұл сала шамамен 6 пайызға өсіп, агроөнеркәсіп кешенінде өндірілген өнім көлемі 15 триллион теңгеге жетті.

Жеңілдетілген шарттармен қаржыландыру көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 триллион теңгеден 1,5 триллион теңгеге дейін ұлғайды.

Дегенмен бөлінген қаражаттың бір бөлігі күнделікті қажеттіліктер мен айналымдағы қаражатты толықтыру үшін жұмсалып отыр.

Шаруаларға алдағы жұмысын ұзақ мерзімге жоспарлауға мүмкіндік беретін кең ауқымды қаржыландыру жүйесі керек.

Сондықтан Үкімет фермерлерді ұзақ мерзімге арналған инвестициялық ресурстармен қамтамасыз ету үшін тиімді

әрі пәрменді тәсілдерді енгізуі қажет.

«Бәйтерек» холдингі тағам өнеркәсібі саласында жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын әлеуеті зор жобалар тізімін дайындады. Соның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қолжетімді әрі жеңілдетілген шарттармен қаржы бөлу мәселесін созбалаңға салмай, сапалы жобаларды дереу жүзеге асыру керек.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласын технологиялық тұрғыдан жаңғыртудың сәті келді.

Елімізде шығарылатын технологиялық тұрғыдан сапасы жоғары тракторлар мен комбайндардың санын көбейту қажет. Бұл – өзекті мәселе. Осылайша, біз ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра түсеміз.

Өткен аптада Астанада іссапармен болған NVIDIA компаниясының басшысы, жаңа толқындағы ірі кәсіпкер Дженсен Хуанг Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына жасанды интеллектінің тәсілдерін енгізетін кез келді деп, өз пікірін айтып кетті.

Меніңше, бұл – өте орынды ұсыныс. Оны жедел қарқынмен іске асыруымыз керек.

Еліміз осы белесті ойдағыдай еңсеріп алса, әлемдік ауқымдағы азық-түлік тапшылығы, яғни жаһандық ашаршылық туындаған жағдайда Еуразия азық-түлікпен қамтамасыз ететін негізгі орталық болуы әбден ықтимал екеніне күмән жоқ.

Елімізде ірі су көздеріне жақын орналасқан үлкен аумақты алып жатқан жер алқаптары бар. Сол жерлерді суармалы егіншілікке пайдалану дәстүрлі дақылдардың өнімділігін 2-2,5 есе көбейтуге ықпал етеді.

Жаңа алқаптарды игеру кезінде су үнемдеудің озық тәсілдерін және агрохимиялық технологияларды қолдану аса маңызды. Бірақ елімізде бұл жұмыстың тиімділігі әлі де төмен.

Елімізде су ресурстарының тапшылығын жою үшін жүйелі әрі батыл шаралар қабылдау қажеттігін ерекше атап өткім келеді.

Ең алдымен, суды тиімді және үнемдеп пайдалану қағидаттарының жаппай сақталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда бұл ресурстың мән-маңызы айрықша.

Үкімет пен әкімдіктер суды пайдалануға бақылауды күшейту керек. Түрлі желідегі, сондай-ақ, көлік жуу орындарындағы су шығынын азайтып, ауыз судың жөнсіз пайдаланылуына жол бермеу қажет. Ауыз суды көлік жууға тұтыну – барып тұрған сорақылық. Судың да сұрауы бар.

Менің тапсырмаммен Үкімет су пайдалану саласында ауқымды тарифтік реформаны қолға алды. Оны соңына дейін жеткізу керек.

Суды үнемдеп пайдалану бәріне ортақ міндетті қағида болуға тиіс.

Су ресурстарын түгелдей әрі дұрыс есепке алу үшін цифрлық құралдарды толыққанды пайдалану айрықша маңызды.

Бұл жаңа өндірістерді жоспарлау кезінде мұқият ойластырылған, салмақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сондықтан Үкімет Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін құру ісін көпке созбай, тез арада аяқтауы керек.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән берген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта табысты жобалар бар.

Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады. Ал Түркістан облысында қытай компаниясы суды тиімді пайдаланатын заманауи мақта-тоқыма кластерін құрып жатыр.

Үкімет осындай озық тәжірибелердің ел аумағында кең тарауына жағдай жасап, инвесторларға уақтылы қолдау көрсетуі керек.

Сонымен қатар мұндай заманауи тәсілдерді мал шаруашылығында да жан-жақты пайдаланған дұрыс.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, елімізде 71 тауар-сүт фермасы іске қосылды. Бұл фермаларда жыл сайын 462 мың тоннадан астам сүт өндіріледі.

Ақмола облысында шетелдің озық тәжірибесіне сай ет кластері құрылып жатыр. Осындай жобаларды қолдауға болады, қажетті жағдайда қаражат та бөлу керек.

Өндіру және өңдеу жұмысымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және сату жүйесін жетілдірген жөн.

Ірі холдингтерден бастап, шағын шаруа қожалықтарына дейін агрологистика орталықтарының қызметін кедергісіз пайдаланатын мүмкіндік болуға тиіс.

Жалпы, халықтық құрылыс аясында ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту ісіне де баса мән беру керек. Бұл –стратегиялық маңызы бар міндет.

Сондықтан Үкімет пен «Бәйтерек» холдингі бірлесіп, нақты шешімдерді қабылдауы қажет.

Экономиканың негізгі салаларын дамыту үшін өнімді терең өңдеумен айналысатын, еңбек өнімділігін арттыратын жобаларға басымдық берген жөн. Бұл – басты талап.

Әсіресе, ірі инфрақұрылымдық бастамаларға қажетті құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын, инженерлік жабдықтарды өз елімізде өндірген жөн. Мұндай жобалар «Халықтық құрылыс» бағдарламасының тірегіне айналуы керек деп санаймын.

Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол беруге болмайды. Бұл – маңызды талап.

Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін озық технологиясы бар, қажетті сараптамалық тәжірибесі және жаһандық нарықтарға шығу мүмкіндігі зор әлемнің жетекші компанияларын, солардың ішінде отандық компанияларды да тартқан жөн.

Инвестицияның тиімділігі жұмыс істей бастаған өндіріс орындарының санымен, сапасымен және оның экономикаға қосқан нақты үлесімен бағалануға тиіс.

Әлемде инвестицияға талас күшейіп келеді. Бәсекеге қабілетті болу үшін жедел шешімдер қабылдап, жылдам әрекет ету қажет.

Бірақ елімізде инвестор тарту және оларды жан-жақты қолдау жүйесінде бірізділік жоқ.

Әрбір мекеме немесе жеке тұлға ойында не бар болса, соны істей береді. Нәтижесінде кешенді көзқарас та, үйлесімділік те, сабырлық та, білім де жетіспейді. Сондықтан инвестиция тарту ісін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін тұтас жүйені жетілдіре түсу керек.

Менің ойымша, баяғыдан сөреде жатқан мәселені, яғни инвестициялармен жүйелі түрде айналысатын мекемені анықтау керек.

Себебі қазіргі таңда осы бағытта жүйе жоқ. Бірқатар мемлекеттік мекемеге бірдей құзыреттер берілген. Қазіргі жағдайда бұл тәсілдер заман талабына сай келмейді, әбден ескірген.

Бәлкім, инвестицияға қатысты мәселелермен «Бәйтерек» холдингі белсендірек айналысқаны дұрыс шешім болар. Ал Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі инвестицияларға байланысты кейбір құзыретін орындауды жалғастырады.

Тағы бір өзекті мәселе.

Қарқынды дамитын Алатау қаласын салудың маңызы зор екені көпшілікке түсінікті деп ойлаймын. Болашақта бұл қала инвестиция мен кәсіпкерлікке қолайлы орталыққа айналады.

Кез келген халықаралық юрисдикцияның ұзақ уақыт бойы тартымды болуына бірден бір әсер ететін фактор – тиімді сот төрелігі.

Сондықтан Алатау қаласында жоғары сапалы сот төрелігін қамтамасыз ететін жүйе құрған жөн.

Жалпы құқықтың ағылшын үлгісіне сай жұмыс істейтін инвестициялық сот коммерциялық істерді қарайтын болады.

Арнаулы құқықтық режиммен байланысты басқа мәселелердің барлығы Азаматтық сот құзыретіне жатады.

Үкімет «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңға тиісті түзетулерді 2027 жылғы қаңтар айының соңына дейін Құрылтайдың қарауына ұсынуы керек.

Осы орайда еске сала кететін бір жайт бар. Барша беделді әрі адал кәсіпкерлердің инвестициялық мүддесі ең мықты әрі сенімді құқықтық құжат – Конституциямызбен қорғалған.

Енді шағын және орта бизнес туралы пікірімді айтқым келеді.

Қазір оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті, ал негізгі капиталға тартылған инвестициядағы үлесі 70 пайызға жақындап келе жатыр.

Шағын бизнестің маңыздылығы бәрімізге белгілі, ол көптеген елде экономиканың қозғаушы күші саналады.

Бүгінде бұл саладағы кәсіпкерлердің үштен бірінен астамы саудамен айналысады. Сол себепті шағын бизнес құрылымын әртараптандыруға баса мән беру қажет деп үнемі айтып жүрміз.

Сонымен қатар Үкіметтің алдында орта бизнесті дамыту жөнінде арнайы жоспар әзірлеу міндеті тұр. Құжатта кәсіпорындарды ұзақмерзімді каржыландыру әрі технологиялық тұрғыдан жаңғырту тетіктері көрсетілуі қажет. Орта бизнес өкілдерінің ірі кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеп, оларға өз өнімдерін өткізуіне жағдай жасау керек.

Қалай болғанда да, мемлекет экономикамыздағы ең маңызды тапсырыс беруші болып қала береді.

Сондықтан шағын және орта бизнесті мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алу үдерістеріне қатыстыру тәсілдерін жетілдіріп отыру қажет.

Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындардың еншісіне қалдыруға болады.

Бұл ретте өнім жеткізушіге қойылатын талаптарды жұмсарту керек. Кәсіпкерлер үшін тұрақты «ойын ережесі» өте маңызды.

Негізі, мемлекеттік бақылау барынша еркін, еш қысымсыз жүргізіледі. Алайда, бұл жүйе айыппұлдар, жоспардан тыс тексерістер және шотты бұғаттайтын камералдық бақылаулар арқылы кәсіпорындардың жұмысына ықпал етіп отыр.

Мұны жағымды үрдіс деп айту қиын.

Бір қарағанда, биылғы бірінші жартыжылдықта жеке кәсіпкерлер жасаған заң бұзушылықтар саны 34 пайыз қысқарған. Дегенмен, айыппұл сомасы шамамен 11 пайызға ұлғайған, ал жоспардан тыс тексерістер ондаған есе көбейген.

Бизнеске «кедергі келтірмеудің» өзі үлкен көмек екенін іскерлік белсенділікке қатысты жүргізілген талдау анық көрсетіп отыр.

Бұл орайда микро және шағын бизнесті тексеруге 2020-2023 жылдарда жарияланған мораторийдің пайдалы тәжірибесіне қайта жүгінуге болады. Бұл тәжірибе өз тиімділігін көрсетті.

Құрылтай депутаттарына Үкіметпен бірге 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кезекті үш жылдық мораторий енгізудің қаншалықты орынды екенін талқыға салуды ұсынамын. Бұл ретте бұған дейінгі мораторийдің артықшылықтары мен кемшіліктері түгел ескерілуі керек.

Аталған қадамды бақылау-қадағалау жүйесін толық өзгертіп, реттеудің цифрлық моделіне көшуге арналған стратегиялық үзіліс деп қарастырған жөн.

Сонымен қатар экономикалық баптар бойынша қылмыстық құдалауға ұшыраған кәсіпкерлерден түсетін шағым толастаған жоқ.

Сондықтан экономикалық құқықбұзушылықтарды қылмыстық сипаттан арылтып, ізгілендіру шараларын қабылдаған жөн.

Кәсіпкерлерге, әсіресе, шағын және орта бизнеске тең мүмкіндік беріп, әділ бәсекеге жол ашу қажет. Кей жағдайда осы талап сақталмайды.

Оған дәлел: қазірдің өзінде өндірушілер, әсіресе азық-түлік саласындағы кәсіпорындар бірқатар қиындыққа тап болуда. Тіпті, әдейі жасалған кедергілер де бар.

Мысалы, импорттық тауарлардың құны қолдан төмендетіліп отыр. Ал отандық өнімдердің ішкі нарыққа шығу жолы әдейі шектеліп жатады. Шынын айтқанда, бұл – жемқорлық. Сондықтан осындай қитұрқы әрекеттерді тоқтату керек.

Мұндай ахуал еліміздің компаниялары мен тауарларының бәсекеге қабілетін едәуір әлсіретіп жіберетіні сөзсіз.

Осындай іс-қимылдарға қатаң тосқауыл қоймасақ, экономикамызға зиян болатыны айдан анық. Басқаша айтсақ, бизнесті қорғау – ұлттық экономиканың дербестігін нығайту деген сөз. Ал бизнеске қолдан заңсыз тосқауыл жасау, бұл – мемлекетке қарсы жасалған қылмыс деп айтсақ артық болмас.

Сондықтан кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру, яғни нығайту қажет. Бұл жұмысты сауда бірлестіктері аясында жүргізуге де болады.

Келесі. Қазақстан цифрлық экономика құруға міндетті. Онсыз болмайды.

Біз өз мүмкіндіктерімізді дұрыс әрі шынайы бағамдап, жаңа технологиялар ұсынатын жақсы дүниенің бәрін халық игілігіне пайдалануға тиіспіз.

Digital Qazaqstan кешенді стратегиясын іске асыру үшін негізгі инфрақұрылым салу ісі басталып кетті.

Екі суперкомпьютер іске қосылды. Жыл соңына дейін үшінші қуатты компьютер пайдалануға беріледі.

Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу жұмысы аяқталды. Деректерді өңдейтін орталықтар салынып жатыр.

Бұл – елімізді цифрлық жаңғырту жолында атқарылған жұмыстардың бір бөлігі. Біз жаңа технологиялық даму кезеңіне апаратын ұзақ әрі үлкен жолдың басында тұрмыз.

Уақыт талабына сай болу үшін нақты нәтижелерге қол жеткізу маңызды. Осыған басымдық беру қажет.

Дегенмен, әзірге нақты іске қарағанда құрғақ сөз көп. Цифрландыру ісі қолданыстағы үдерістерді автоматтандырудан ары аса алмай отыр.

Цифрландыру қымбат бағдарламалық өнімдерді сатып алумен шектелмеуге тиіс. Ең алдымен, оның пайдасын толық түсінуіміз керек.

Шын мәнінде, біз жасанды интеллектіні коммерцияландыру, активтерді токендеу, блокчейнтехнологиялары мен цифрлық платформалар экожүйелерін дамыту жұмысын енді ғана бастадық.

Экономикада цифрландыруды іс жүзінде қолдануға бағытталған нақты шаралар бағдарламасын әзірлеу қажет.

Қазіргі таңда миллиондаған азамат маркетплейстерді, тамақ жеткізу және такси шақыру қызметтерін, басқа да көптеген қызметтерді, соның ішінде озық елдердің көбіне үлгі болып отырған Қазақстандағы банктердің қызметтерін күнделікті пайдаланып жүр. Бірақ, мұнымен шектелмей, алға қадам басу керек.

Елімізде жоғары өнімді цифрлық экономиканы дамытуға тың серпін беру үшін қажетті нәрсенің бәрі бар.

Жастарымыз білімді әрі жасампаз. Интернет қолжетімді. Озық цифрлық инфрақұрылым құрылды.

Бүгінде кез келген азамат үйінен шықпай-ақ бірнеше минуттың ішінде банк есепшотын аша алады. Бөліп төлеуді рәсімдеп, тауар сатып алу үшін де сыртқа шығудың қажеті жоқ.

Цифрландырудың келесі кезеңінде қолжетімділікті қамтамасыз етуден мүмкіндіктер аясын кеңейтуге көшуіміз керек.

Парадигманы өзгертіп, алдымызда тұрған міндеттерге мүлде басқа қырынан қарауға тиіспіз.

Біздің мақсатымыз – шын мәнінде халықтық цифрлық экономика құру.

Интернет қоғамдық санада тұтыну мен көңіл көтерудің ғана емес, жасампаздық пен еңбектің виртуалды аумағына айналуы керек.

Смартфондар азаматтарымыз үшін уақытты зая өткізетін қымбат ойыншық емес, тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құралға айналуға тиіс.

Үкімет жыл соңына дейін цифрлық форматта жұмыспен қамтудың жеңілдетілген құқықтық режимін қалыптастырады.

Халықтық цифрлық экономика құру үшін адамдардың мүмкіндіктері тұрғылықты жеріне тәуелді болмауы өте маңызды.

Азаматтарымыз ауылда немесе қалада тұрса да, смартфон арқылы заңды табыс табуды үйренуге тиіс.

Кәсіпкерлікті қолдауға арналған қазіргі шараларды жекеменшік маркетплейстердің, банктердің, логистикалық компаниялар мен цифрлық сервистердің мүмкіндіктерімен ұштастыру міндеті тұр.

Несие беру мен субсидиялаудан бөлек, өнім өндіруге және оны сатуға арналған қосымша құралдар қажет.

Келесі жылы Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп, бірқатар өңірде цифрлық дамуға қатысты пилоттық жобаларды іске қосуы керек. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге өз тауарын өткізу ісін жолға қоюға көмектеседі.

Табысты тәжірибелерді барлық аймақта кеңінен таратқан жөн.

Активтерді токендеу, яғни оларды цифрлық ортаға көшіру ісін толық жүзеге асыру керек.

Бұл қадам азаматтарға компаниялар мен түрлі нысандардың меншік иесінің бірі болуына, ал кәсіпкерлерге артық делдалсыз тікелей капитал тартуға мүмкіндік береді.

Халықтық цифрлық экономика құрудың стратегиялық мақсаты – әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыру үшін заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану.

Биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында біз озық әрі технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекет құру ісіне серпін бердік.

Енді бұл жұмысты әрі қарай жүйелі жалғастырып, жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құруымыз қажет. Үкімет, ұлттық компаниялар, креативті индустрия секторы осы үдеріске белсенді атсалысуға тиіс.

Бұл – жаңа дәуірдің талаптарына толық сай келетін аса маңызды жалпыұлттық міндет. Болашақтың экономикасын құру үшін таптаурын түсініктер мен ескірген тәсілдерден біржола арылуымыз қажет.

Қоғам дамуының мүлде жаңа негізін қалыптастыруымыз керек. Шын мәнінде, мұны озық технологиялар заманында өскелең ұрпақтың лайықты өмір сүруіне жол ашатын ұзақ мерзімге арналған жалпыұлттық миссия деуге болады.

Цифрлық дәуір қаншалықты күрделі, қиын, тіпті қауіп-қатерге толы болса да, біздің мақсат-мұратымыз өзгермейді.

Бұл – жаңа тұрпатты мемлекет құру, жаңғыру мен жаңару жолынан айнымау.

Сондықтан мен келесі жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялауды ұсынамын.

Жоғарыда айтқанымдай, осы жылдың аясында әр облыс орталығында, аудандарда, тіпті елді мекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандарын салуға және жөндеуге белсенді түрде кірісеміз.

Жолдар, әуежайлар, вокзалдар, денсаулық сақтау мекемелері, соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталықтарының құрылысын бастаймыз.

Сондай-ақ барлық аймақта шығармашылық үйлері, спорт кешендері, кітапханалар және ғылыми орталықтар бой көтеруі керек. Әрине, тұрғын үй салу да маңызды міндет болып қала береді.

Біз ауқымды құрылысты қарқынды жүргіземіз. Бұл – халқымыздың жасанды интеллект дәуіріне беретін ортақ жауабы.

Конституцияда халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалды. Осы бастамалардың барлығы ел игілігі, әсіресе өскелең ұрпақтың қамы үшін қолға алынып отырғанын тағы да баса айтқым келеді.

Келесі өте маңызды міндет – мемлекеттік басқару ісінің сапасын толықтай жақсарту.

Инфрақұрылымды жаңғырту, жаппай цифрландыру және индустрия саласын дамыту үшін бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатыр. Жеке инвестиция да тартылуда.

Осы орайда, мына мәселеге назар аударғым келеді. Ауқымды құрылыс аясындағы жобаларды мұқият іріктеу, сенімді компаниялармен жұмыс істеу және бастаманы жүзеге асырудың әр кезеңін жіті бақылау өте маңызды.

Мемлекеттік аппарат осы міндетті кәсіби тұрғыдан мүлтіксіз орындауға дайын болуы керек.

Бұдан бөлек, макроэкономикалық саясатты мұқият ойластырып жүргізген жөн.

Соңғы жылдары Үкімет бюджет пен салық жүйесін толығымен қайта қарады.

Бірақ мемлекеттік саясаттың тиімділігі, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатына, экономикалық белсенділігіне қарап бағаланады.

Сондықтан біз үшін ең маңызды мақсат – халықтың табысын ұлғайту. Ол үшін бірінші кезекте инфляциямен жүйелі түрде күресу қажет.

Инфляция, бейнелеп айтқанда, азаматтарымыздың тұрмысын күннен күнге тұралататын қауіпті кесел.

Бағаның өсу қарқыны біршама бәсеңдеді. Дегенмен инфляция деңгейі әлі де жоғары.

Сондықтан, ең алдымен, Үкімет пен Ұлттық банк бірлесіп, үйлесімді жұмыс істеуі керек. Инфляцияны тежеп, төмендету қажет. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет бюджет және салық саясатын барынша байыпты жүргізуі қажет. Сондай-ақ экономиканың өндірістік әлеуетін күшейтіп, бизнестің өнімділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау керек.

Қаржы нарығын реттеуші мекемелер де өз міндеттерін сапалы әрі тиімді орындауға тиіс.

Бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесі айтарлықтай орнықты деңгейде. Оған дәлел: еліміздегі банктердің активі 75 триллион теңгеден (яғни 150 миллиард доллардан) асты.

Депозиттердің көлемі рекордтық көрсеткішке, нақты айтқанда, 52 триллион теңгеге, яғни 105 миллиард долларға жетті.

Салымдардың 78 пайызы ұлттық валютада сақталған. Бұл ұлттық теңгенің құндылығы арта түскенін көрсетеді.

Ендігі маңызды міндет – жинақталған қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамытуға тиімді пайдалану.

Осыған орай, Ұлттық банкке баға мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, экономиканы дамытуға жол ашатын бастамаларды жүзеге асыруға да атсалысатын кез келді.



(Жалғасы 4-бетте).

(Соңы. Басы 1, 2, 3-беттерде).



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Экономикамыз ұзақмерзімді қаржыландыруды қажет етеді. Оны толық өтеуге бюджет пен даму институттарының қаупқары жетпейді.

Банктер бизнесті инвестициялық кредиттеуге барынша атсалысуға тиіс. Бұл – олардың негізгі миссиясы.

Ол үшін қажетті жағдай жасалуға тиіс, соның ішінде банк жүйесіндегі кәдеге жаратылмай жатқан бос қаржыны тиімді реттеу жолдарын ойлап табуға болады. Ал мұндай қаржы бар, әрі өте көп.

Пайдасыз пікірталасқа уақытымыз жоқ. Елді дамудың даңғыл жолына салатын шешімдер қажет.

Экономиканың басты салаларын ұзақмерзімді кредиттеудің жаңа тәсілдерін іске қосқан жөн. Бұған банктер, даму институттары, халықаралық қаржы ұйымдары және басқа да қаржы көздерін тарту керек.

Капитал нарығының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейту міндеті тұр.

Сол себепті жеке кәсіпорындарды биржа құралдарын белсенді қолдануға ынталандыру маңызды.

Аса өзекті міндеттің бірі – қосымша қаржы тарту және инвестициялық тәртіпті күшейту.

Әзірленіп жатқан Капитал нарығы туралы заңда нақты тетіктер қарастырылуы қажет.

Әсіресе, ұлттық бірыңғай қаржы экожүйесін қалыптастыруға ден қойған абзал.

Қазақстан қор биржасы, «Астана» халықаралық қаржы орталығы және Alatau City жақын серіктес ретінде жұмыс істеуге тиіс.

Ұлттық банк пен Үкімет Қазақстанның қаржы нарығын дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеуі керек.

Макроэкономикалық тұрақтылықты ұзақ мерзімге қамтамасыз етудің тағы бір жолы – бюджет саясатын реттеу.

Былтыр қабылданған Бюджет кодексі мемлекет қаражатын тиімді басқаруға және қаржылық тәртіпті күшейтуге мүмкіндік берді.

Дегенмен шығындардың жыл санап көбейіп бара жатқанын ескерген жөн. Сол себепті қазына қаржысын жоспарлау және басқару сапасын одан әрі арттыру қажет.

Орынсыз, тиімсіз шығындардың алдын алу үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндігін пайдаланған дұрыс. Сондай-ақ мемлекеттік қазына жүйесін толыққанды цифрландыру жұмысын аяқтау керек. Бюджет қаражатын басқарудың ортақ әдіс-тәсілдерге негізделген жүйесін құру қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен нақты ұсыныстар күтемін.

Келесі басымдық – салық саясатын жетілдіру.

Жаңа Салық кодексі бүкіл жүйені кешенді түрде қайта жаңғыртуға негіз қалады.

Бірақ мұндай ауқымды реформа жолында күтпеген мәселелер міндетті түрде шығады. Оны алдын ала болжау оңай емес.

Соның салдарынан жекелеген нормаларды қолдану кезінде бизнес түрлі қиындықтарға тап болып отыр.

Салық кодексі қатып қалған қағида не қасиетті кітап сөзі емес. Заң өмірдің шындығынан алшақ кетпеуге тиіс.

Сондықтан қайшылықтарды жойып, екіұшты түсіндірілген нормалардан арылу керек. Кәсіпкерлерге салмақ түсіретін артық жүктемені азайтып, сыңаржақ тұстарын алып тастаған жөн.

Салық жүйесі бизнестің дамуға деген ынтасына бөгет болмауы керек. Сондай-ақ инвестиция тартуға және жұмыс орындарын ашуға кедергі келтірмегені дұрыс.

Сондықтан Үкіметке бизнес өкілдерінің пікіріне құлақ асып, салық заңнамасына енгізілетін нақты өзгерістер легін әзірлеуді тапсырамын.

Кәсіпкерлердің жұмыс істеу қағидаларын өзгерте бермеу үшін бұл істі барынша байыппен жүргізу керек.

Біздің заңнамамыз тым көлемді әрі күрделі, сондықтан оны түсіну қиын. Осы мәселе кәсіпкерлердің бас ауруына айналып отыр.

Салық салудағы әділеттілік мәселесіне арнайы тоқталғым келеді.

Бай-бағландарға арналған жоғары салық мөлшерлемесін енгізу мәселесін талқылайтын кез келді деп санаймын.

Тағы да атап өтемін. Ешкім заңды түрде тапқан активке қандай да бір жолмен шектеу қойғалы жатқан жоқ. Бұл Конституция талаптарына қайшы болар еді.

Әңгіме әділеттілік туралы, яғни әр азаматтың ел дамуына лайықты, адал үлес қосуы жөнінде болып отыр.

Үкімет пен Құрылтай осы мәселені зерделеп, тиісті ұсыныстарын беруі қажет.

Әділ салық салу ашықтықты, яғни жаппай цифрландыруды талап етеді.

Салық түсімін арттырып, көлеңкелі экономика мен жемқорлық сын-қатерлерін азайту үшін озық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану қажет.

Қазіргі жағдайда инновацияларды табысты енгізіп, экономиканың бәсекеге қабілетін арттыру ісінде құқық жүйесі айрықша рөл атқарады.

Қолданыстағы Азаматтық кодекс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында қабылданды.

Кодекс өзінің тарихи миссиясын толық атқарып шықты десек, артық болмайды.

Бұл құжат нарықтық экономиканың негізгі институттарын құруға жол ашты, меншікті қорғау қағидатын бекітті.

Бұған қоса, жаңа тарихи дәуірдегі азаматтық қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Дегенмен қанша жерден сапалы болса да, бұл Азаматтық кодекс өтпелі кезеңдегі экономика үшін әзірленді.

Сол кезде озық технологиялардың заты түгіл, аты да жоқ болатын. Әрине, соңғы 30 жыл ішінде бүкіл әлем, соның ішінде еліміз де түбегейлі өзгерді.

Осының бәрін ескере отырып, болашақтың экономикасына байыппен көшуге құқықтық негіз болатын жаңа Азаматтық кодекс қабылдау қажет деп санаймын.

Бұл кәсіпкерлердің, инвесторлардың және азаматтардың алаңсыз жұмыс жүргізуі үшін құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылтай депутаттары Үкіметпен бірлесе отырып, осы маңызды құжатты әзірлеуге тез арада кіріскені жөн.

Құрылтай жаңа Азаматтық кодексті келесі жылдың аяғына дейін қабылдаса жөн болар.

«Халықтық құрылысқа» қажеттілік экономикалық міндеттерден ғана туындаған жоқ. Түрлі салада қордаланған құрылымдық теңгерімсіздік осыған алып келді.

Халық саны мен ішкі көші-қонның өсуі бұған дейін әупірімдеп жұмыс істеп тұрған әлеуметтік нысандарға шектен тыс салмақ түсіреді.

Бұл кеше ғана пайда болған түйткіл емес.

Өткен онжылдықтарда әлеуметтік көмекті шамадан тыс көбейту есебінен мемлекеттік басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жасырып-жабу, яғни азаматтардың көңілін табу қалыпты дүниеге айналды.

Мемлекет ресурсы желге ұшты, тіпті жағдайы жақсы отбасылар да жәрдемақы алды. Осы кезде мектептер мен ауруханалар тапшылығы ұдайы ұлғайып отырды.

Бұл қоғамда патернализм мен масылдық көңіл-күйдің күшеюіне түрткі болды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде ашықтан ашық тонау және сыбайлас жемқорлық белең алды.

Негізсіз жеңілдіктер мен жәрдемақылардың тым көптігі – институционалдық шалағайлықтың, керек десеңіз, мемлекеттік аппараттың әлсіздігінің белгісі. Бұл – елдің жарқын келешегін қамтамасыз ету ісінде көрегенділік жетіспейді деген сөз. Мұны түсінген абзал.

Адамдарға бюджет қаражаты есебінен қамқорсынған сыңай таныту – барып тұрған популизм. Осының салдарынан халық мүддесіне қарсы, елдің орнықты дамуына тұсау болатын түрлі алаяқтық істер бүркемеленіп келді.

Бүгінін ғана ойлайтын адамдардың түсінігі осындай болады. Олар стратегиялық және мемлекеттік көзқарас тұрғысынан пайымдай алмайды.

Сондықтан әлеуметтік саясатты түбегейлі қайта қарап, уақытша түйткілдерді реттеуден гөрі стратегиялық мақсаттарға жетуге баса мән беру қажет.

Қайталап айтамын: мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс. Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – осы.

Жалпы, бұл салада өзекті мәселелер аз емес, соған байланысты Үкімет өз ұсынысын, шешімдерін беруде.

Қазір қоғамда осы мәселелер бойынша қызу талқы жүріп жатыр. Азаматтар өздерін алаңдатқан мәселелерді ашық айтуда.

Сондықтан бұл күрделі мәселені «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай», байыппен, салмақты көзқараспен шешу қажет. Артық қыламын деп, тыртық қылуға мүлдем болмайды.

Кез келген реформа терең сарапталып, мұқият зерттеліп, азаматтардың жағдайын мейлінше ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Әлеуметтік көмектің жаңа тәсілдерін, соған қатысты ақпараттық жүйелердің қызметін алдын ала мұқият тексерістен өткізу қажет. Ең дұрысы, ондай жобаларды әуелі пилоттық режимде іске қосып, тиімділігі расталған соң ғана кең ауқымда қолдану керек.

Түптеп келгенде, әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз.

Сондықтан біз адам капиталының сапасын жақсартуға және өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға баса мән беріп отырмыз.

Қазақстанда жеті миллионға жуық бала бар. Бұл – халқымыздың 34 пайызы. Жыл сайын 330 мыңнан астам сәби дүниеге келеді.

Елімізде халық саны қарқынды өсуде. Сондықтан денсаулық сақтау инфрақұрылымын жүйелі әрі жедел дамыту – өте маңызды міндет.

Біз ауқымды құрылыстың алғашқы кезеңінде еліміз бойынша сегіз заманауи перинаталды орталық салуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Қаскелең, Семей, Ақтау қалаларында жеті көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада тағы екі медициналық нысан бой көтереді.

Аталған жұмысқа бюджет қаражатымен қатар, жеке капиталды кеңінен тартқан жөн.

Қолға алынған мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жобаларын сәтті жүзеге асыру қажет. Мұндай серіктестік түрі әлеуметтік инфрақұрылымға салынатын жеке инвестиция көлемін ұлғайтуға көмектеседі.

Ең бастысы, тиісті рәсімдерді негізсіз созбай, шешімдерді тез қабылдау керек.

Сондай-ақ біз алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жаңғырту ісіне ерекше мән береміз.

Осы тұрғыдан алғанда, жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейтіп, бұл жүйені қаржыландыру көлемін кезеңкезеңімен ұлғайту маңызды.

Үкіметке келер жылдың 1 қаңтарынан бастап осы бағытта жұмыс істейтін учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыруды тапсырамын. Бұл 77 мыңнан астам маманның табысын өсіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар біз жалақының ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен көбейте береміз. Мен Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырамын.

Осы міндет келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асырылуға тиіс. Бұл 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджеттен жалақы алатын 370 мыңнан астам қызметкердің табысын арттыруға ықпал етеді.

Тағы бір өзекті тақырып. Инклюзивті білім беру мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар.

Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны арта түсуде. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, осы салаға қатысты инфрақұрылымды дамытуға тиіс. Ауқымды құрылысты жүргізу кезінде бұл бағыт назардан тыс қалмауы қажет.

Маман тапшылығын азайту және ерекше қажеттілігі бар балалардың диагнозын ерте жастан анықтау жұмысы да жүйелі түрде жүргізілуі керек. Осы жұмысқа «Қазақстан халқына» қоры белсенді атсалысқаны жөн.

Тағы бір мәселе. Қоғамда оқу-ағарту саласындағы реформаларға қатысты түйткілдер көп талқыланып жүр.

Жалпы, әр өзгеріс мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оның қызметіндегі артық жүктемені азайтуға бағытталуы керек.

Іс жүзінде бұл міндет толық орындалмай жатқаны жасырын емес. Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын түрлі платформаларға, цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр.

Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек.

Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет. Соңғы уақытта мектептерде оқушылар ұстаздарына дөрекі сөйлеп, тіпті, күш қолданатын жағдайлар да аз емес. Мұндай кезде көбінесе мектеп әкімшілігі де мұғалімге қысым көрсетіп жатады. Бұл – дұрыс емес.

Әр мәселе мұқият әрі жан-жақты қаралуға тиіс. Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек.

Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты жіті назарда ұстауы қажет.

Құрметті Құрылтай депутаттары және Үкімет мүшелері!

Мен бұған дейін де айтқанымдай, еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басты.

Осындай бетбұрысты сәтте ұлттық жоспарымыз бен стратегиямыздың бәрін қайта зерделеуіміз керек.

Біз Тәуелсіздігіміздің келесі мерейлі белесіне қандай нәтижемен жететінімізді анық түсінуіміз қажет.

Алдымыздағы мақсаттарды нақты белгілеу арқылы біз бүгінгі міндеттер мен басымдықтарды айқындаймыз, дербес стратегиялық бағдарымызды берік ұстанып, жасампаз жоспарларды жүзеге асырамыз.

Сондықтан, Президент Әкімшілігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, бір жылдың ішінде еліміздің ұзақмерзімді дамуының кешенді бағдарын айқындайтын құжат әзірлеуі керек.

Бұл жұмысқа ғылыми-зерттеу орталықтарын, соның ішінде Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын кеңінен тартқан жөн. Осынау маңызды құжатқа депутаттар да елеулі үлес қоса алады деп ойлаймын.

Бірақ бұл ауқымды жұмысты мемлекеттік басқару жүйесін реформалау ісінен бастауымыз керек.

Конституция заңды күшіне енген соң еліміздің саяси жүйесі толық жаңғырды. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелер алдында тұрған міндеттер де күрделене түсті.

Қазір билік жүйесін дамытудың жаңа стратегиясына сәйкес осы саланы түбегейлі реформалау қажеттігі туындап отыр.

Бұл үдерісте тұтас мемлекеттік аппараттың және әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмыс тиімділігін арттыру маңызды міндет болуға тиіс.

Ең алдымен, Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі барлық деңгейдегі басқару құрылымын қайта қарау қажет.

Билік жүйесі цифрландыру дәуірінің талаптарына сай жұмыс істеп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі керек.

Мемлекеттік мекемелерді ұтымды бастама көтеруге, дербес шешім қабылдауға ынталандыру қажет.

Әрбір мекеме өз өкілеттігімен қатар, тұтас мемлекеттік аппараттың қалай жұмыс істейтінін нақты білуге тиіс.

Жасанды интеллектінің көмегімен қайталанатын міндеттерді, басқару жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды жою керек.

Мемлекеттік аппарат қағазбастылықтан толық және біржола арылуы қажет. Шешім қабылдауға, яғни дамуға кедергі келтіретін барлық рәсімді қысқарту керек.

Мемлекеттік қызметшілер кәсіби білікті, озық маман болуға тиіс. Өкінішке қарай, әзірге мұндай деңгейге жеттік деп айту қиын.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын әзірлеген жөн. Мемлекеттік қызметші, ең алдымен, Конституция талаптарын басшылыққа алып, Отанына және халқына адал қызмет етуге тиіс. Бұл жерде жекелеген өзгерістер туралы сөз болып отырған жоқ.

Бізге шынайы реформа қажет. Көзбояушылыққа жол беруге болмайды. Бұл – құқықтық және қаржылық шаралар қабылдауды талап ететін аса күрделі үдеріс.

Президент Әкімшілігі 2027 жылдың 1 маусымына дейін мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға қатысты кешенді жоспар ұсынуы керек. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік басқару жүйесін цифрлық технология мен жасанды интеллектіге негізделген жаңа экономикаға бейімдеп, жаңғырту қажет.

Біздің басты мақсатымыз – Әділетті, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құру.

Қазір мол мүмкіндіктердің дәуірі туды. Бұл дәуірдің орасан зор қауіп-қатерлері де бар.

Дәл осындай жауапты кезеңдерде ұлттың мінезі айқын көрінеді.

Енжарлық пен бейқамдық танытқан ел тарихта жеңімпаз ұлт болмайтыны анық.

Заманның сын-қатеріне төтеп берудің бірден бір жолы – стратегиялық тұрғыда бір қадам алда жүріп жұмыс істеу, сол арқылы Қазақстанның болашақ келбетін қалыптастыру.

Әйтпесе, үнемі көштің соңында жүруге мәжбүр боламыз.

Мемлекет дамуының ең жоғары өлшемі саналатын да, барлық реформаның игілігін көретін де (қазіргі тілмен айтқанда бенефициарлары) – біздің азаматтарымыз.

Сондықтан менің стратегиялық бағдарымның өзегінде әділдік идеясы тұр.

Жаңа тарихи кезеңге қадам баса отырып, біз барлық азаматтық инфрақұрылымды салу және жаңғырту ісіне кірісіп жатырмыз.

Алдағы бірнеше жылда барлық аймақта қарқынды құрылыс жүргізіледі.

Бұған дейін айтқанымдай, біз жаңа автожолдар, өнеркәсіп және энергетика нысандарын, темір жолдар, көпірлер, инженерлік желілер, гидротехникалық нысандар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендерін және мәдениет ошақтарын саламыз.

Заманауи инфрақұрылымдарды салу ісі ондаған жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал етіп, ең бастысы халықтық цифрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, біз темірдей тәртіптің, жоғары жауапкершіліктің және қажырлы еңбектің арқасында көп ұзамай ауылдарымыз бен қалаларымыздың келбетін түбегейлі өзгертеміз. Ортақ мекеніміз – Қазақстан Республикасын бұдан да қуатты, бұдан да тартымды елге айналдырамыз.

Біз «Заң мен Тәртіп» қағидатына бағына отырып, адал еңбек ету арқылы көздеген мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз және келер ұрпаққа лайықты мұра қалдырамыз.

Бұған дейін бірнеше мәрте айттым, тағы да қайталаймын: бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңінде елдің бірлігі мен қоғамның әлеуметтік тұғырын барынша нығайта түсуіміз қажет.

Біз сонда ғана стратегиялық міндеттерімізді толық орындай аламыз.

Осы жолмен жүрсек, Қазақстан әлемдік өркениет көшінің алдыңғы шебінен лайықты орын алатынына кәміл сенемін.

Жалпы, кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс. Еліміз орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика орнығуы қажет. «Адал азамат» идеологиясы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы керек.

«Әрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше ширақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды.

Ал отаншыл болу – заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, ел игілігі үшін табанды еңбек ету деген сөз. Заңға құрметпен қарайтын адам табысты болады.

Мен Қазақстан әрбір азаматтың дамуына жол ашатын, жалпыға бірдей мүмкіндік беретін, бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет болуын тілеймін. Аталған мақсатқа жету үшін бар күш-жігерімді салып келемін және алдағы уақытта да солай болады.

Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда. Жаңа технологияларды, жасанды интеллектіні терең меңгерген ел дамиды. Мемлекетімізге мықты ғалымдар, кәсіби инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен білікті дәрігерлер әрқашанда керек болады.

Мен ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын.

Қадірлі қауым!

Бүгін мен елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістерге кеңінен тоқталдым. Жарқын болашағымызды айқындайтын маңызды бастамалар жөнінде айттым.

Алдымызда тұрған тарихи міндеттерді табысты жүзеге асыруымыз керек. Біз әр азаматтың дамуына, барша жұрттың өркендеуіне жол ашатын берекелі қоғам, Әділетті Қазақстанды міндетті түрде құрамыз.

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

Отанымыз – Қазақ елі мәңгі жасасын!

Жанар ӘЛІБЕККЫЗЫ:

«ТҮРКІСТАННЫҢ КЕЛБЕТІ – ТҮРКІСТАНДЫҚТАН БАСТАЛАДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте).

Таяуда Түркістан облысының алдағы үш жылда атқаратын және басымдық беретін бағыттары туралы жобалар мен жоспарлар бекітілуде. Мақсат – тарихи-рухани дәстүр мен заманауи дамуды үйлестіріп, білімге ұмтылатын, адал еңбек ететін, заңды құрметтейтін, туған жеріне жанашыр азамат қалыптастыруға жағдай жасау.

Ішкі саясаттың нәтижесі өткізілген жиындармен ғана өлшенбеуі керек. Оның ықпалы адамдардың өзара қарым-қатынасынан, мемлекеттік органдарға деген сенімінен, қоғамдық мәселелерді бірлесіп шешуге дайындығынан көрінуі қажет. Сондықтан құжатта қоғамдық тұрақтылық пен азаматтық жауапкершілік өзара сабақтастықта қарастырылады.

– Алдағы жобалар негізінде «Түркістанның келбеті – түркістандықтан басталады» деген ұстаным енгізілмек екен. Оның мазмұнын қалай түсіндірер едіңіз?

– Өңірдің келбетін ғимараттар мен тарихи ескерткіштер ғана қалыптастырмайды. Оған тұрғындардың мәдениеті, қызмет көрсету сапасы, көшедегі тәртіп, адамдардың бір-біріне деген құрметі тікелей әсер етеді.

Түркістанға келген қонақтың алғашқы әсері жол сұраған адамының жауабынан, көлік жүргізушісінің әдептілігінен, саудадағы адалдықтан қалыптасуы мүмкін. Өз тұрғындарымыз үшін де жайлы ортаның өлшемі осы күнделікті қатынастардан басталады.

Біз түркістандық болуды туған жеріне жауапкершілікпен қарайтын азаматтық ұстаным ретінде орнықтырғымыз келеді. Бұл облыста тұратын барлық азаматқа этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан ортақ. Оның мәні қарапайым: өз ісіңді адал атқару, айналаға құрмет көрсету, ортақ мүлікке ұқыпты қарау, өңірдің дамуына үлес қосу.

– Тарихи мұраны қазіргі қоғамдық өмірге енгізудің нақты жолдары қандай?

– Тарихи мұра адамның ойына, әрекетіне ықпал еткенде оның қоғамдық маңызы артады. Мысалы, әл-Фарабидің қайырымды қоғам туралы ойлары білімді, әділеттілікті, өзара көмекті бағалауға үндейді. Ясауи мұрасы адамгершілік пен рухани жауапкершілік туралы ойлануға мүмкіндік береді. Отырардың ғылымы мен жазба мәдениеті білімге ұмтылудың мәнін ашады.

Осы сабақтастықты мектеп, кітапхана, музей және отбасы арасындағы байланысты күшейту арқылы дамыту көзделеді. Баланың тарихи орынға барып, оның мағынасын түсінуі, туған ауылының тарихын зерттеуі, үлкендердің естелігін жазып алуы маңызды.

«Ясауи тағылымы», «Фараби оқулары», «Туған жерге туыңды тік» бағыттарының мазмұны осындай танымдық жұмыстармен толығуы қажет. Тұрғын өз өлкесінің тарихын түсініп, оны өзгеге жеткізе алса және тарихи нысанға жанашырлық танытса, ағарту жұмысының нәтижесі сол болады.

– Қоғамдық көңіл күйді зерттеу мен әлеуметтік шиеленістің алдын алу жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Әр аудан мен қаланың жағдайын түсіну үшін тұрақты талдау қажет. Тұрғындарды не алаңдатады, қай мәселе ұзақ уақыт шешілмей келеді, қандай шешім түсіндіруді немесе қосымша талқылауды қажет етеді – осы сұрақтарға дер кезінде жауап іздеуіміз керек.

Әлеуметтік желілер маңызды ақпарат көзі болғанымен, бүкіл халықтың пікірін толық қамтымайды. Сондықтан ондағы талдауды тұрғындармен тікелей кездесулермен, өтініштерді зерделеумен және әлеуметтік зерттеулермен толықтыру қажет.

Сынның өзі шешілуі тиіс мәселені көрсетуі мүмкін. Мемлекеттік органның міндеті – сол мазмұнды түсініп, өз құзыреті шегінде әрекет ету. Алдын алу жұмысының мәні де азаматтардың заңды талаптарын дер кезінде естіп, мәселенің ұлғаюына себеп болатын жағдайларды азайтуда.

– «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттарын күнделікті әдетке айналдыру үшін не қажет?

– Бұл қағидаттардың әрқайсысы күнделікті әрекетпен бекітіледі. Адалдық – жұмысты сапалы орындау, уәдеге беріктік, саудада тұтынушыны алдамау. Заңға құрмет – өз құқығыңды білу және өзгенің құқығын сақтау. Тазалық – өзің пайдаланатын кеңістікке тұрақты жауапкершілікпен қарау.

Мұнда отбасының, білім беру ұйымдарының, еңбек ұжымдарының және мемлекеттік органдардың үлгісі маңызды. Қоғамға айтылған талап мекемелердің өз жұмысынан да көрінуі керек.

Құқықтық ағарту нақты өмірлік жағдайларға сүйенгенде пайдалы болады. Интернет алаяқтығынан қорғану, буллингке тап болғанда көмекке жүгіну, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелер түсінікті тілмен жеткізілуі қажет.

Тазалық мәдениетінде де тұрғынның жауапкершілігі мен қызметтердің сапасы қатар жүреді. Қоқысты уақытында шығару, қолайлы инфрақұрылым және азаматтардың ұқыптылығы бірін-бірі толықтырады.

– Жастар саясатына қатысты қандай өзгеріс ұсынасыздар?

– Жастармен жұмыстың өзегінде олардың нақты қажеттілігі тұруы керек. Бір жас мамандық таңдауға қиналады, екіншісі жұмыс іздейді, үшіншісіне кәсіп бастау үшін кеңес қажет. Осы жағдайларды ескермей, бәріне бірдей формат ұсыну жеткіліксіз.

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастармен жеке жұмыс жүргізу көзделеді. Оның нәтижесі жас адамның оқуын жалғастыруынан, кәсіптік дағды алуынан немесе тұрақты жұмысқа орналасуынан көрінуі тиіс.

Кәсіптік бағдарды өңірдегі еңбек нарығымен байланыстыру да маңызды. Сонымен бірге цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект құралдарын орынды пайдалану, ақпаратты тексеру және интернеттегі қауіпсіздік дағдыларына көңіл бөлу қажет.

Жастардың қоғамдық басқаруға қатысуына да мүмкіндік берілуі керек. Өз ауылының немесе қаласының мәселесіне ұсыныс айтып, оның жүзеге асуына қатысқан жас туған



жеріне жауапкершілікпен қарай бастайды.

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кітап оқуды ұлттың озық қасиетіне айналдырудың маңызын атап келеді. Өңірде кітапқа құштар ұрпақ тәрбиелеп, оқуды күнделікті өмір салтына айналдыру үшін қандай жұмыс қажет?

– Отбасы – өзара құрмет, жауапкершілік пен қамқорлық қалыптасатын алғашқы орта. Сондықтан отбасы құндылықтарын нығайтуда ағарту жұмысымен бірге нақты қолдаудың қолжетімділігі маңызды. Ата-аналарға кеңес беру, психологиялық және құқықтық көмек, әкенің бала тәрбиесіне қатысуын күшейту сияқты бағыттар өзара байланыста жүргізілуі қажет. Отбасымен жұмыста адамның қауіпсіздігі мен қадір-қасиеті басты орында тұрады.

Кітап оқу да отбасылық ортада орнығатын әдеттердің бірі. «Бір отбасы – бір кітап» бастамасының құндылығы – бірге оқып, пікір алмасуға мүмкіндік беруінде.

«Кітап оқитын Түркістан» бағыты аясында кітапханаларды тұрғындар тұрақты келетін зияткерлік орта ретінде дамыту ұсындық. Оқу клубтары, балаларға кітап таңдау бойынша кеңес, ауылдарға көшпелі кітап қорларын жеткізу осы міндетке қызмет етеді. Мұндағы маңызды көрсеткіштің бірі – кітапханаға қайта келетін оқырманның көбеюі. Біз осы бағытта жұмыс істеуді қолға алмақпыз.

– Қоғамдық келісім мен дін саласындағы жұмыстың негізгі ұстанымы қандай болады?

– Қоғамдық келісім күнделікті әділ қарым-қатынасқа, тең мүмкіндікке және өзара құрметке сүйенеді. Жергілікті жердегі мәселенің себебін дәл анықтап, оған қатысы бар азаматтарды тыңдау маңызды. Тұрмыстық немесе әлеуметтік дауға орынсыз этностық сипат беруге жол бермеу керек.

Этномәдени бірлестіктермен, қоғамдық келісім алаңдарымен және жергілікті қауымдастықтармен тұрақты байланыс қажет. Ортақ мәселені бірге шешу адамдар арасындағы сенімді күшейтеді.

Дін саласында ар-ождан бостандығын құрметтеу, діни сауаттылықты арттыру және экстремизмнің алдын алу міндеттері қатар қарастырылады. Әсіресе жастардың сұрағына түсінікті жауап беретін, сенімді ақпарат ұсынатын ашық диалог қажет.

– Туризм мен қызмет көрсету мәдениетінің ішкі саясатпен байланысын қалай түсіндіресіз?

– Туризм өңірдің қоғамдық мәдениетін айқын көрсетеді. Бағаның ашықтығы, сыпайы қызмет, тарихи ақпараттың сапасы, қоғамдық орындардың қолжетімділігі тұрғынға да, туристке де ортақ қажеттілік. Жақында «Түркістан» телеарнасынан «Қонақжай Түркістан» атты бағдарлама аштық. Мұнда шетелдік меймандар бағдарламаға арнайы шақырылып, өз еліне бізден қажетті ақпарат алып кететін болады, мақсат – Түркістан топырағын әлемге таныту, бұдан бөлек алдағы уақытта бірнеше жобалар қолға алынбақ.

Отырар, Сауран, Қарнақ, Ясы–Түркістан бағыттарын тарихи-танымдық байланыста қарастыру өңірді тереңірек танытуға мүмкіндік береді. Мұнда салалық мекемелердің, жергілікті әкімдіктердің және кәсіпкерлердің бірлескен жұмысы қажет.

Қоғамдық даму саласының міндеті – тарихи мұраны құрметтеу, қонақжайлылық, адал кәсіп пен қоғамдық әдеп құндылықтарын орнықтыруға ықпал ету. Сапалы қызмет көрсететін маманның, адал кәсіпкердің еңбегін таныту да осы жұмыстың бір бөлігі.

– Ақпараттық жұмыста қандай тәсілге басымдық беріледі?

– Ақпарат тұрғынның сұрағына жауап беріп, оған пайдалы болуы керек. Мақсатты аудиторияның ерекшелігін ескерген жөн: жастарға қолайлы формат пен ауылдағы егде адамның ақпарат алу тәсілі әртүрлі болуы мүмкін.

Біртұтас ақпараттық кеңістік дегеніміз – ресми ақпараттың түсініктілігі, дәйектілігі және қолжетімділігі. Тұрғын қайда жүгінетінін, қандай қолдау барын, көтерілген мәселе бойынша не істеліп жатқанын білуі қажет.

Сонымен бірге адал еңбегімен, кәсібімен, қоғамдық белсенділігімен үлгі болып жүрген азаматтарды таныту ұсынылады. «Түркістандық адам» айдары арқылы мұғалімнің, дәрігердің, жұмысшының, шебердің, еріктінің күнделікті еңбегін көрсетуге болады. Қоғамдық құндылықтар осындай адамдардың өмірі арқылы түсінікті болады.

– Келесі 2027 жылдан 2030 жылға қарай қандай нәтижеге ұмтыласыздар?

– Алдымен бастапқы жағдайды анықтап, соған сәйкес өлшенетін көрсеткіштер белгілеу қажет. Тұрғындардың мемлекеттік органдарға сенімі, өтініштер бойынша кері байланыстың сапасы, жастардың оқу мен еңбекке араласуы, тұрақты оқырмандардың белсенділігі, қайталама қоқыс ошақтарының азаюы сияқты көрсеткіштер жұмыстың бағытын бағалауға мүмкіндік береді.

2027 жылы тәжірибелік аумақтарда жобаларды сынап, нәтижесін саралау, 2028 жылы тиімді үлгілерді кеңейту, 2029-2030 жылдары оларды тұрақты жұмысқа енгізу ұсынылады. Тиімділігі төмен тәсілді қайта қарауға дайын болуымыз керек.

2030 жылға қарай тұрғындардың ортақ іске қатысуы күшейгенін, мемлекеттік органдармен диалогтың нәтижелі болғанын, білімге, адал еңбекке және қоғамдық тәртіпке құрметтің күнделікті өмірден көрінгенін қалаймыз.

Түпкі мұрат – тарихи мұрасын мақтан тұтып, соған лайықты өмір мәдениетін қалыптастыратын қоғам. «Түркістанның келбеті – түркістандықтан басталады» деген ұстанымның мәні де осында.

Сұхбаттасқан Әділ ҚЫРАН

Түркістанның бүгінгі тынысы – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра мен жаңа дәуірдің жаңғыруы тоғысқан ерекше құбылыс. Кеше ғана тарихтан сыр шертетін көне шаһар саналса, бүгін ол Қазақстанның жаңа мүмкіндіктерін көрсететін, түркі дүниесін жақындастыратын, туристер мен инвесторлар назарын аударған заманауи орталыққа айналып келеді.

ТҮРКІСТАН – ТАРИХТЫҢ ТӨРІНЕН БОЛАШАҚТЫҢ БИІГІНЕ

Кейбір қалалардың тарихы кітап беттерінде қалады. Ал кейбір қалалардың өзі – тарихтың бір бөлшегіне айналады.

Түркістан – сондай қала.

Оның әрбір көшесі, әрбір көне жәдігері, әрбір тарихи нысаны қазақ даласының сан ғасырлық шежіресінен сыр шертеді. Бұл топырақта талай ханның ізі қалды, талай би мен батырдың сөзі айтылды. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында айрықша орын алған Түркістан уақыт өте келе халқымыздың рухани жадындағы қасиетті мекенге айналды.

Сондықтан Түркістанды бір ғана ұғыммен сипаттау мүмкін емес.

Ол – тарих.

Ол – руханият.

Ол – түркі дүниесінің ортақ мұрасы.

Және бүгінде ол – болашақ.



«Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанның осы айрықша орнын бірнеше мәрте атап өтті.

Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде Президент Түркістанды «Түркі әлемінің рухани астанасы» деп атап, «Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы» деген мағыналы бағасын берді.

Бұл – жай ғана әдемі айтылған сөз емес.

Өйткені Түркістанның мәні оның ғимараттарында немесе сәулеттік келбетінде ғана емес. Оның басты құндылығы – ғасырлардан жеткен рухани сабақтастықта.

Түркістан – қазақ үшін қасиетті болса, түркі халықтары үшін ортақ рухани кеңістік.

Бүгінде бауырлас мемлекеттердің басшылары мен делегацияларының Түркістанға келуі де осыны аңғартады. Қаланың халықаралық деңгейдегі беделі артып, түркі әлеміндегі тарихи-мәдени байланыстарды нығайтатын маңызды орталық ретіндегі рөлі күшейіп келеді.

Көне шаһардың жаңа келбеті

Түркістанның соңғы жылдардағы өзгерісіне сырттай қарап тұрып-ақ бір нәрсені аңғаруға болады: қала өзінің тарихын сақтай отырып, болашаққа қарай батыл қадам жасап келеді.

Жаңа нысандар бой көтеріп, көшелер мен қоғамдық кеңістіктер жаңарып, туристік инфрақұрылым қалыптасуда. Бірақ ең маңыздысы – бұл өзгерістердің барлығы Түркістанның тарихи болмысымен сабақтасып жатыр.

Көне қала мен заманауи шаһар бір-біріне қарама-қайшы емес екенін Түркістанның бүгінгі келбеті дәлелдеп отыр.

Бір жағында – ғасырлар куәсі болған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.

Екінші жағында – жаңа мәдени, туристік және іскерлік нысандар.

Бір жағында – тарихтың үнсіз шежіресі.

Екінші жағында – болашаққа ұмтылған жаңа буын.

Осы екі бағыттың тоғысуы Түркістанды өзгеше қалаға айналдырып отыр.

Туризм – Түркістанды әлемге танытатын көпір

Бүгінде Түркістанның экономикалық әлеуетін арттырудың негізгі бағыттарының бірі – туризм.

Өткен жылы Түркістан қаласына 1 миллионнан астам турист келген. Ал 2026 жылдың алғашқы бес айында қалаға 250 мыңнан астам турист табан тіреп, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,2 пайызға артқан. Қалада қазір 72 қонақ үй мен орналастыру орны жұмыс істейді.

Бұл сандардың ар жағында үлкен мүмкіндік тұр.

Турист келген сайын қонақ үйге тоқтайды, қоғамдық тамақтану орындарына барады, көлік қызметін пайдаланады, сауда жасайды, жергілікті кәсіпкерлердің қызметіне жүгінеді.

Яғни туризм – тек тарихи орындарды тамашалау емес.

Туризм – жаңа жұмыс орындары.

Туризм – кәсіпкерлік.

Туризм – инвестиция.

Туризм – қаланың әлемге ашылған терезесі.

Түркістан облысында 2026 жылдың алғашқы алты айында туризм саласына 65,1 млрд. теңге инвестиция тартылған. Өңірдің тарихи-мәдени нысандарына жарты жылдың ішінде 575 мың адам барған.

Бұл – Түркістанның туристік әлеуеті сөз жүзінде емес, нақты көрсеткіштер арқылы қалыптасып келе жатқанын білдіреді.

Түркістан – инвестиция үшін де тартымды мекен

Түркістанның жаңғыруы мәдениет пен туризммен ғана шектелмейді.

Қаланың экономикалық әлеуеті де жыл санап артып келеді.

2025 жылы Түркістан қаласының негізгі капиталына 502,7 млрд. теңге инвестиция тартылған. «TURAN» арнайы экономикалық аймағында жалпы құны 163,3 млрд. теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылуда. Бұл жобалар мыңдаған адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Ал облыс бойынша 2026 жылдың алғашқы бес айында 614,2 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 150,5 пайызды құраған.

Демек, Түркістан бүгінде тек өткеннің қаласы емес.

Ол – капитал үшін де, кәсіп үшін де, жаңа идеялар үшін де мүмкіндігі мол аймақ.

Бұл жерде бір маңызды нәрсені түсіну қажет.

Қаланың шынайы дамуы – ғимараттардың көптігімен емес, сол ғимараттардың адам өмірін өзгерістерімен өлшенеді.

Жаңа жұмыс орны ашылса – бұл даму.

Кәсіпкерлікке мүмкіндік артса – бұл даму.

Жастарға жаңа мүмкіндік берілсе – бұл даму.

Турист Түркістанға келіп, қайта оралғысы келсе – бұл да даму.

Ұлттық брендке айналған Түркістан

Бүгінде елдердің әлемдік деңгейдегі танымалдығы тек экономикалық көрсеткіштерімен өлшенбейді. Әр мемлекеттің өзіне тән бренді, тарихы, мәдениеті мен символы бар.

Қазақстанның сондай символдарының бірі – Түркістан.

Бірақ Түркістанның бренді бір ғана кесенемен шектелмейді.

Оның бренді – Ясауи мұрасы.

Оның бренді – қазақ хандарының тарихы.

Оның бренді – Ұлы Жібек жолы.

Оның бренді – түркі халықтарының ортақ рухани тамыры.

Оның бренді – қазақтың қонақжайлығы.

Оның бренді – тарихын сақтай отырып, болашаққа ұмтылған жаңа қала.

Сондықтан Түркістанды бренд ретінде қалыптастыру дегеніміз – оның атын әлемге таныту ғана емес.

Түркістанның қадірін әлемге таныта отырып, өзіміздің кім екенімізді де әлемге көрсету.

Бұл тұрғыдан алғанда Түркістан – Қазақстанның халықаралық имиджін қалыптастыратын маңызды мекендердің бірі.

Түркістанның болашағы – ұрпақтың қолында

Қаланың сәулетін мемлекет қалыптастыра алады.

Жолын мемлекет сала алады.

Инфрақұрылымын мемлекет дамыта алады.

Ал қаланың рухын халық қалыптастырады.

Сондықтан Түркістанның болашағы – оның тарихи мұрасын қалай сақтайтынымызға, бүгінгі мүмкіндіктерін қалай пайдаланатынымызға және келер ұрпаққа қандай қала қалдыратынымызға байланысты.

Түркістанға келген әрбір адам оның тарихын сезінуі керек.

Турист келгенде тек суретке түсіп кетпей, қазақ даласының тарихын танып қайтуы керек.

Жас ұрпақ Түркістанды тек әдемі ғимараттары үшін емес, оның елдік тарихтағы орны үшін мақтануы керек.

Сонда ғана жаңғырудың мәні тереңдей түседі.

Тарихы тереңнің – болашағы биік

Түркістанның бүгінгі өзгерісі – бір күнде пайда болған құбылыс емес.

Бұл – тарих пен қазіргі заманның, руханият пен экономиканың, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуынан қалыптасып жатқан жаңа кезең.

Кеше Түркістан қазақ хандарының ордасы болса, бүгін ол – Қазақстанның туристік, мәдени және инвестициялық әлеуетін көрсететін маңызды орталық.

Кеше бұл шаһар түркі жұртының рухани темірқазығы болса, бүгін ол – түркі мемлекеттерін жақындастыратын ортақ кеңістік.

Ал ертең?

Ертең Түркістанды әлем танитын болады.

Бірақ әлем Түркістанды оның биік ғимараттары үшін ғана емес, мыңжылдық тарихы, рухани тереңдігі және заманауи болмысын қатар алып келе жатқан ерекше қала болғаны үшін тануы керек.

Өйткені Түркістан – өткеннің көлеңкесінде қалған көне шаһар емес.

Түркістан – тарихтан қуат алып, болашаққа бет түзеген қала.

Оның әрбір жаңарған көшесінде – бүгіннің тынысы.

Әрбір тарихи нысанында – өткеннің өнегесі.

Әрбір жаңа жобасында – келешектің үміті бар.

Сондықтан Түркістанның дамуы – бір қаланың ғана дамуы емес.

Түркістанның жаңғыруы – ұлттық рухтың жаңғыруы.

Ал ұлттық рухы биік елдің болашағы да биік болмақ.

Нұрқасым Нұрланәліұлы ТӨЛБАЙ,
Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының бас маманы



ҚАЗАҚСТАНДА ФИЗИКАЛЫҚ AI ДАМИДЫ

Саясат Нұрбек NVIDIA технологияларын ғылым мен өндіріске енгізу мүмкіндіктерін таныстырды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Министрдің назарына ұсынған негізгі бағыттардың бірі – физикалық жасанды интеллект технологияларын ғылыми зерттеулерге, инженерлік әзірлемелерге және өндірістік міндеттерді шешуге пайдалану. Бұл бағыт Қазақстанның цифрлық экономикасын дамытуға, отандық мамандардың құзыретін арттыруға және университеттердің инновациялық әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

ФИЗИКАЛЫҚ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ВИРТУАЛДЫ МОДЕЛЬДЕН НАҚТЫ ӨНДІРІСКЕ ДЕЙІН

Physical AI деп аталатын технологиялық бағыт жасанды интеллектінің робототехникамен, инженерлік жүйелермен және нақты физикалық ортамен байланысын қамтиды. Оның көмегімен күрделі өндірістік үдерістерді виртуалды кеңістікте модельдеуге, роботтардың жұмысын үйретуге, инженерлік шешімдерді алдын ала сынауға және өнеркәсіптік нысандардың цифрлық егіздерін әзірлеуге болады.

Мұндай технологиялардың маңызы әсіресе тау-кен өнеркәсібі, энергетика және көлік салаларында арта түседі. Өндірістік нысандардың цифрлық модельдерін жасау ықтимал тәуекелдерді бағалауға, технологиялық үдерістерді оңтайландыруға және жаңа инженерлік шешімдерді енгізуге дайындықты жақсартуға жағдай жасайды.

Саясат Нұрбек ұсынған бастамалар аясында осындай мүмкіндіктерді Қазақстанның ғылыми-білім беру жүйесіне енгізу мәселесіне басымдық берілді. Бұл ретте университеттер тек білім беретін мекеме емес, технологиялық жаңалықтар әзірлеп, оларды нақты өндірістік міндеттерді шешуге бағыттайтын ғылыми орталық ретінде дамуы қажет.

QAIRU БАЗАСЫНДА ӨҢІРЛІК ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ БАСТАМАСЫ

Физикалық жасанды интеллектіні дамытудағы маңызды ұсыныстардың бірі – Qazaq AI Research University (QAIRU) базасында NVIDIA Physical AI Hub өңірлік орталығын құру.

Орталықтың негізгі міндеті – жасанды интеллект, робототехника және инженерлік модельдеу салаларындағы зерттеулерге қажетті технологиялық орта қалыптастыру. Студенттер мен зерттеушілер NVIDIA Omniverse және Isaac құралдарын пайдаланып, цифрлық егіздер әзірлеуге, робототехникалық жүйелерді сынақтан өткізуге және өндірістік міндеттерге арналған инженерлік шешімдер жасауға мүмкіндік алады.

Бастаманың практикалық маңызы университет қабырғасында әзірленген технологияларды нақты кәсіпорындар жағдайында сынақтан өткізу мүмкіндігімен байланысты. Нәтижесінде ғылыми жобаларды тәжірибеге енгізу жолы қысқарып, жоғары оқу орындары мен өндіріс арасындағы ынтымақтастық нығая түседі.

Министр Саясат Нұрбектің ұсынған бағыты ғылыми зерттеулердің экономикалық тиімділігін арттыруға да ықпал ете алады. Өйткені технологиялық шешімдердің құндылығы олардың ғылыми жаңалығымен ғана емес, өндірістегі нақты мәселелерді шешу қабілетімен де өлшенеді.

NVIDIA БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК КАДРЛАР ДАЯРЛАУ

Physical AI саласының дамуы заманауи технологияларды меңгерген мамандардың болуына тікелей байланысты. Осыған орай Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындарын NVIDIA-ның білім беру бағдарламаларына тарту жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта еліміздің 12 техникалық жоғары оқу орны NVIDIA Deep Learning Institute (DLI) бағдарламасының пилоттық кезеңіне қатысты. Сонымен қатар төрт оқытушы NVIDIA DLI амбассадоры мәртебесін алды. Алдағы уақытта бағдарламаны кеңейту және оған қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушыларын тарту мүмкіндіктері пысықталуда.

Бұл бастама жоғары білім беру бағдарламаларын жаңа технологиялық талаптарға бейімдеуге, оқытушылардың кәсіби даярлығын жетілдіруге және студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Саясат Нұрбек таныстырған бастамалардың маңызды қыры – озық технологияларды жекелеген мамандардың ғана емес, еліміздің жоғары білім беру жүйесінің кең ауқымында меңгеруіне жағдай жасау. Мұндай тәсіл жасанды интеллект саласындағы кадрлық әлеуетті арттырып, қазақстандық мамандардың халықаралық технологиялық ортадағы бәсекеге қабілеттілігін күшейте алады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ AI-БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Қазақстанда жасанды интеллект бойынша білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жұмыстар да жалғасуда. Coursera платформасымен серіктестік аясында 270 мыңнан астам белсенді пайдаланушы тіркелген. Серіктес жоғары оқу орындарының саны 100-ден асқан.

Платформа курстарын меңгеру нәтижесінде алынған 211 мыңнан астам академиялық кредит Мемлекеттік тізілімде танылды. Ал AI-Sana ұлттық бағдарламасы аясында жасанды интеллект бойынша 706 мыңнан астам мамандандырылған сертификат берілді.

Бұл көрсеткіштер елімізде цифрлық білім алуға сұраныстың артып келе жатқанын және жасанды интеллектіні меңгеруге бағытталған білім беру инфрақұрылымының қалыптасып жатқанын аңғартады.

Министр Саясат Нұрбек үшін мұндай бастамалардың келесі кезеңі білім беру нәтижелерін нақты технологиялық жобалармен ұштастырумен байланысты. Жасанды интеллект бойынша білім алған жастардың өз идеяларын жүзеге асыруына, зерттеу жүргізуіне және өндірістік міндеттерді шешуге қатысуына мүмкіндік беру маңызды.

ЖАСТАРДЫҢ ИДЕЯСЫ – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Дженсен Хуангтың Астанаға сапары аясында әлемдік рекорд орнатқан HackAlem AI хакатонының жеңімпаздарымен және Tomorrow School студенттерімен кездесу де өтті. Жас әзірлеушілер өз жобаларын таныстырып, білімдерін тәжірибеде қалай қолданып жүргендерін көрсетті.

Бұл кездесу Қазақстан жастарының жаңа технологияларды меңгеруге ғана емес, оларды пайдалана отырып, дербес шешімдер әзірлеуге де қызығушылық танытып отырғанын көрсетті. Мұндай ізденістерді қолдау еліміздің инновациялық ортасын дамытуға және болашақ инженерлер мен зерттеушілердің қалыптасуына ықпал етеді.

Саясат Нұрбек атап өткен міндеттердің бірі де осы мақсатпен сабақтасады: жастардың әлеуетін ашу үшін білім беру, ғылыми зерттеу және өндірістік тәжірибе арасындағы байланысты күшейту қажет. Университеттерде пайда болған идеялар тәжірибелік сынақтан өтіп, қоғам мен экономикаға пайда әкелетін өнімдерге айналуы тиіс.

ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕГЕ ДЕЙІН

NVIDIA-мен ынтымақтастықты дамыту және Physical AI Hub өңірлік орталығын құру бастамасы Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Оның нәтижесі заманауи технологияларды меңгерумен ғана шектелмей, оларды ел экономикасының нақты қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы бағалануы керек.

Бұл тұрғыда ғылыми зерттеулерді өндіріспен байланыстыру, университеттердің инженерлік әлеуетін арттыру және жастардың технологиялық жобаларын қолдау ерекше маңызға ие. Цифрлық егіздер, робототехникалық жүйелер және интеллектуалды өндірістік модельдер болашақта бірқатар саланың жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік бере алады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің пікірінше, Қазақстан үшін басты міндет – озық технологияларды игерумен шектелмей, оларды экономиканың нақты мәселелерін шешуге пайдалану. Ол үшін университеттердегі ғылыми ізденістерді өндіріс орындарымен ұштастырып, жастардың идеяларын жүзеге асыруына қажетті жағдай жасау қажет.

Министр қазақстандық студенттер мен зерттеушілердің әлемдік технологиялық кеңістікте өз әлеуетін танытуға мүмкіндігі бар екенін атап өтті. Ендігі мақсат – сол мүмкіндіктерді кеңейтіп, ғылыми ізденістерді нақты жобаларға, ал жобаларды елдің дамуына үлес қосатын технологиялық шешімдерге айналдыру.

Қазақстанда физикалық жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі бастамалардың маңызы да осында. Егер білім беру, ғылым және өндіріс арасындағы байланыс жүйелі түрде нығайтылса, еліміз жаңа технологияларды тұтынушы ғана емес, оларды әзірлеп, тәжірибеде қолданатын мемлекет ретінде де өз орнын бекіте алады.

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Қазақстанның Бас редакторлар клубы қоғамдық бірлестігінің бірінші вице-президенті
Астана қаласы

ҒЫЛЫМ – ТАҢДАУЛЫ МАМАНДЫҚ ЕМЕС, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның ел болашағындағы маңызын бірнеше рет атап өтіп келеді. 2020 жылғы Жолдауында ғылым саласына «тың көзқарас пен жаңа тәсілдер» қажет екенін айтып, жас ғалымдарды қолдауға, олардың тағылымдамадан өтуіне және ғылыми зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік беруді тапсырды. Бұл бастамалар жастардың ғылымға келуіне және өз қабілетін кәсіби тұрғыдан дамытуына жол ашады.



Президенттің пікірінше, ғылым – тек ғылыми атаққа жетудің жолы емес, елдің дамуына әсер ететін негізгі күштердің бірі. Ғылыми ізденіс жастардың сыни ойлау, ақпаратты талдау, өз ойын дәлелдеу, жаңа шешім ұсыну қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен бірге ғылыми байқаулар, гранттар, конференциялар мен халықаралық жобалар жас зерттеушілерге өз еңбегін танытып, жаңа кәсіби мүмкіндіктерге жол ашуға мүмкіндік береді.

Бүгінде ғылым мен технологияның дамуы жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр. Ғылыми жоба – байқаудағы жүлдеден бастап жаңа технологияға, патентке, инновациялық жобаға немесе болашақ кәсіпке дейін жалғасуы мүмкін. Сондықтан ғылымды таңдау – тек ғалым болуды таңдау емес, өзіңді дамытуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға және кәсіби мүмкіндіктеріңді кеңейтуге жасалған қадам.

Қазіргі жастар үшін мамандық таңдау – болашаққа жасалған маңызды қадам. Бүгінде еңбек нарығы өзгеріп, жаңа кәсіптер мен жаңа бағыттар қалыптасып жатқан кезеңде ғылымға деген көзқарасты жаңғыртудың маңызы артып келеді. Ғылымды тек зертханамен, қалың кітаппен немесе күрделі формулалармен байланыстыратын түсінік біртіндеп өзгеруі тиіс. Ғылым – ең алдымен, іздену, жаңа нәрсені білу, сұрақ қоя білу және сол сұраққа жауап іздеу мәдениеті.

Ғылым – белгілі бір мамандық иелеріне ғана арналған бағыт емес. Ол адамның ойлау қабілетін дамытатын, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын және қоғамның алға жылжуына ықпал ететін маңызды құндылық. Бүгінгі таңда ғылым мен технологияның қарқынды дамуы кез келген сала маманынан жаңашылдықты, ізденісті және үздіксіз білім алуды талап етеді. Сондықтан жастардың ғылымға деген көзқарасын өзгерту – уақыт талабы.

Осы бағытта жоғары оқу орындарының атқарар рөлі ерекше. Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің «Ғылым» бөлімі жастар арасында ғылымды кеңінен насихаттап, студенттер мен магистранттардың ғылыми ортаға қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстардың маңызын арттырып келеді.

Университет – жас адамның кәсіби маман ретінде қалыптасатын ғана емес, өз ойын еркін білдіріп, жаңа идеяларын жүзеге асырып, ізденіс жолына түсетін ортасы. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы студенттің бойындағы қызығушылық үлкен бастамаға айналуы мүмкін. Ал ғылымға деген қызығушылық кейде бір сұрақтан, бір кітаптан немесе бір ұстаздың кеңесінен басталады.

Жастарды ғылымға тартудың ең тиімді жолдарының бірі – ғылымды олардың күнделікті өмірімен байланыстыра білу. Смартфондағы қосымшадан бастап жасанды интеллектке, заманауи технологиядан экологияға дейінгі кез келген жаңалықтың артында ғылыми ізденіс бар. Демек, ғылым – алыстағы ұғым емес, адамның күнделікті өмірімен тікелей байланысты құбылыс.

Университет қабырғасында өткізілетін ғылыми конференциялар, пікірталастар, семинарлар, кездесулер мен танымдық іс-шаралар жастарға ғылым әлемін жақынырақ тануға мүмкіндік береді. Мұндай алаңдарда студент тек тыңдаушы емес, өз ойын білдіретін, сұрақ қоятын және жаңа идея ұсынатын белсенді қатысушыға айналады.

«Ғылым» бөлімінің маңызды бағыттарының бірі – осындай ғылыми ортаны жастарға барынша ашық әрі қолжетімді ету. Себебі ғылымға қызығушылық бір күнде пайда болмайды. Ол адамның бойында сұрақ қоюдан, жаңа нәрсені білуге деген талпыныстан және өз мүмкіндігіне сенуден қалыптасады.

Университеттегі ғылыми ортаның қалыптасуында оқытушы-ғалымдардың да орны айрықша. Жас буын үшін ғалымның тәжірибесі мен кәсіби жолы үлкен мотивация бола алады. Ғалымды тек ғылыми атағы бар маман ретінде емес, өз саласына жаңалық әкелуге ұмтылатын, ізденетін, қоғамға пайдасын тигізуге талпынатын тұлға ретінде көрсету маңызды. Мұндай үлгі жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыра түседі.

Ғылымды жастар арасында танымал етудің тағы бір маңызды тетігі – нақты жетістіктерді көрсету. Жастар ғылымға қызығуы үшін оның нәтижесін көзбен көруі керек. Университет магистранттарының республикалық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болуы – соның айқын дәлелі.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Тіл саясаты комитеті және Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы КеАҚ ұйымдастырған республикалық «Til-Qazyna» оқулары аясында жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері байқауы өтті. Байқауға еліміздің ұлттық университеттерінің магистранттары қатысып, өздерінің ғылыми жұмыстарын ұсынды.

Аталған байқауда Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің магистранттары жоғары нәтиже көрсетті. 7М01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранттары Каленбекова Арайлым Ерланқызы I орын, Курбанов Ал-Бухорий Султанбекович II орын, Қалдыбай Құндызай Жомартқызы III орын иеленді.

Жас магистранттардың бұл жетістігі – университетте ғылымға қызығушылық танытқан жастардың өз мүмкіндігін көрсете алатынының нақты мысалы. Сонымен қатар олардың ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Кайырбекова Улбосын Сериковнаның еңбегі де ерекше атап өтуге лайық. Ұстаз бен жас зерттеушінің бірлескен еңбегі ғылыми ізденістегі сабақтастықтың маңызын көрсетеді.

Торайғыров университеті базасында өткен Республикалық СҒЗЖ конкурсының «Сәулет/архитектура» бағыты бойынша 6В07310 – «Сәулет» білім беру бағдарламасының студенті Курал Асылхан Талгатұлы жүлделі III орынды иеленді. Студенттің ғылыми жетекшісі – магистр, аға оқытушы Сейітқасымұлы Қолқанат. Бұл жетістік студенттердің әртүрлі білім беру бағыттарында ғылыми ізденіске қатысып, өз мүмкіндіктерін республикалық деңгейде көрсете алатынын дәлелдейді.

Мұндай жетістіктер жастарға «ғылым тек таңдаулыларға арналған» деген түсініктің дұрыс емес екенін дәлелдейді. Ғылымға қызығушылық таныткан, ізденуге дайын кез келген жас өзінің қабілетін дамытып, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі ғылыми алаңдарда өзін таныта алады.

Бұл ретте әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық платформалардың мүмкіндігін тиімді пайдалану да маңызды. Қысқа бейнероликтер, ғалымдармен сұхбаттар, ғылыми жаңалықтар туралы қарапайым тілдегі материалдар, студенттер мен магистранттардың жетістіктері – ғылымды жастардың ақпарат тұтыну форматына жақындатудың тиімді тәсілдері.

Ғылымды танымал ету – тек болашақ ғалымдарды тәрбиелеу емес. Ғылыми ойлау қабілеті кез келген маманға қажет. Заңгерге де, экономистке де, педагогқа да, инженерге де, IT маманына да мәселені талдау, дәлелге сүйену, ақпаратты саралау және шешім қабылдау дағдылары маңызды. Сондықтан ғылыми мәдениетті қалыптастыру – бүкіл қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттырудың бір жолы.

Ғылым адамның кәсіби мүмкіндігін де кеңейтеді. Ғылыми ізденіске бейімделген жас ақпаратпен жұмыс істеуді, өз ойын жүйелі жеткізуді, пікірін дәлелдеуді және жаңа шешімдер іздеуді үйренеді. Бұл дағдылар кейін оның қай салада еңбек ететініне қарамастан қажет болады.

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті үшін жастардың ғылымға деген көзқарасын өзгерту – ғылыми бағыттың ғана емес, білім беру үдерісінің де маңызды бөлігі. Себебі ғылымға қызығатын студент – өз білімін тереңдетуге, жаңа нәрсені үйренуге және кәсіби тұрғыдан дамуға ұмтылатын студент.

Бұл бағытта «Ғылым» бөлімінің жұмысы ерекше маңызға ие. Ғылымға қызығатын жастарды қолдау, олардың бастамаларына мүмкіндік беру, ғылыми іс-шараларға қатысуына жағдай жасау және жетістіктерін көпшілікке таныту – ғылыми ортаны қалыптастырудың маңызды тетіктері.

Бүгін ғылымды таңдаған жастардың саны артқан сайын, ертең жаңа идеялар мен жаңа бастамалардың да қатары көбейеді. Сондықтан ғылымды жастарға түсіндіру ғана емес, оны қызықты, заманауи және қолжетімді бағыт ретінде көрсету – уақыт талабы.

Жастардың ғылымға деген көзқарасын өзгерту үшін оларға тек «ғылым маңызды» деп айту жеткіліксіз. Ғылымның нақты мүмкіндігін көрсету керек. Байқауда жүлде алған магистрант, өз идеясын жүзеге асырған студент, ғылыми ортада танылған жас маман – өзгелерге үлгі болатын нақты тұлғалар.

Университеттің міндеті де осындай мүмкіндіктерге жол ашу. Себебі университет – білім беретін орын ғана емес, жаңа идеялар қалыптасатын, таланттар танылатын және болашақ мамандардың кәсіби бағыты айқындалатын орта.

Ғылымға қызығушылық ояту – бір жастың болашағына әсер ету ғана емес. Бұл – елдің интеллектуалдық капиталына жасалған инвестиция. Бүгінгі жас ғалымдардың жетістігі ертеңгі ғылыми ортаның қалыптасуына негіз болады.

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің магистранттарының «Til-Qazyna» оқуларындағы жетістігі де осының бір көрінісі. Мұндай нәтижелер университетте ғылымға деген қызығушылықтың бар екенін ғана емес, оған мүмкіндік берілген жағдайда жастардың биік нәтижелерге жете алатынын көрсетеді.

Жастардың ғылымға деген көзқарасы өзгерсе, ғылымның қоғамдағы орны да өзгереді. Ал ғылымға сенген, білімге ұмтылған және жаңалық жасауға талпынған ұрпақ – кез келген елдің ең үлкен капиталы.

Марат МАМАДИЯРОВ,
академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті «Ғылым» бөлімі басшысы г.ғ.к., доцент

АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКТЕН – ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ!

Құрметті әріптесіміз **Роза Сұлтанқызы Кадированы** абыройлы еңбек жолын аяқтап, құрметті зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Роза Сұлтанқызы 1992 жылы Семей қаржы-экономикалық техникумын «Экономист» мамандығы бойынша, ал 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан ашық университетін «Қаржыгер» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Жалпы еңбек өтілі – 41 жыл 9 ай, оның ішінде мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі – 36 жыл 10 ай.

Есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы Роза ханым қызмет атқарған жылдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын басшылыққа ала отырып, еңбек тәртібінің сақталуына ерекше мән берді. Салық саласындағы өзгерістер мен толықтыруларды салық төлеушілерге түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп, жоғары тұрған органдар мен басшылықтың тапсырмаларын уақытылы әрі сапалы орындап, өз ісіне деген жоғары жауапкершілігін көрсетті.

Кәсіби біліктілігі мен мол тәжірибесінің арқасында бюджеттің кіріс бөлігінің тұрақты өсуіне, белгіленген жоспарлардың сапалы орындалуына, артық төлемдер мен салықтық берешек көлемін азайтуға елеулі үлес қосты.

Әрдайым кәсіби дамуға ұмтылып, ұжым арасында сыйқұрметке ие болған білікті маман ретінде танылды. Өзінің бай тәжірибесімен әріптестерімен бөлісіп, жас мамандарға үлгі бола білді.

Еңбегі еленіп, 2025 жылғы 15 қарашада «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Қадірлі Роза Сұлтанқызы!

Сізді 61 жас мерейтойыңызбен және құрметті зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен береке, жақындарыңыздың ортасында шаттыққа толы ғұмыр тілейміз. Жылдар бойы жинаған тәжірибеңіз бен атқарған абыройлы еңбегіңіздің жемісін көріп, зейнеткерлік өмірдің әрбір сәтінен ләззат алыңыз. Алдағы күндеріңіз қуанышқа, жүрегіңіз жылулыққа, шаңырағыңыз бақыт пен берекеге толы болсын!

Ізгі тілекпен,
Шымкент қаласы Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ТОҚТАТУ: ЖАҢА ТАЛАПТАР МЕН ТӘРТІП

Қазақстанда салықтық тәртіпті күшейту мақсатында салық төлеушілердің қызметін мәжбүрлі түрде тоқтату рәсіміне қатысты жаңартылған нормалар қолданысқа енгізілді. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 109-бабына сәйкес жүзеге асырылып отыр және бизнестің ашықтығын арттыруға бағытталған.

Жаңартылған талаптарға сәйкес, әрекетсіз деп танылған салық төлеушілердің қызметі мәжбүрлі түрде тоқтатылуы мүмкін. Мұндай шешім қабылдануы үшін тұлға бір мезгілде бірнеше шартқа сай болуы тиіс. Атап айтқанда, ол салық есептілігін ұсынбаған, экспорт-импорт операцияларын жүргізбеген, банктік шоттар арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жасамаған болуы керек.

Сонымен қатар, мұндай салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеуде тұрмауы, басқа заңды тұлғаларға құрылтайшы немесе басшы ретінде қатысы болмауы тиіс. Оның мүлкі мен берешегі болмауы және нақты қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырмауы да негізгі талаптардың қатарына жатады.

Алайда бұл рәсім барлық салық төлеушілерге бірдей қолданылмайды. Мысалы, салықтық мониторингке жататын тұлғаларға, жер қойнауын пайдалану келісімшарттары негізінде жұмыс істейтін компанияларға, сондай-ақ реттелмеген бұзушылықтары бар субъектілерге бұл шара қолданылмайды.

Бұдан бөлек, шектеу шаралары (қамау) енгізілген, аяқталмаған валюталық келісімшарттары бар немесе талап қою мерзімі ішінде банктік операциялар жүргізген салық төлеушілер де мәжбүрлі тарату рәсімінен тыс қалады.

Мемлекеттік кірістер органдары бұл процесті нақты белгіленген мерзімдерге сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырады. Алдымен 1 наурызға дейін алдын ала тізім жасалады. Кейін 1 сәуірге дейін бұл тізім бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

1 мамырға дейін банктер мен мемлекеттік органдарға сұрау салулар жолданып, 1 маусымға дейін мүдделі тұлғалардың өтініштері қабылданады. Одан кейін 1 шілдеге дейін қорытынды тізім бекітіліп, 1 қыркүйекке дейін сот органдарына талап арыздар жолданады.

Салық төлеушінің қызметін мәжбүрлі түрде тоқтату тек сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл талап кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға және рәсімнің заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мұндай жағдайларға жол бермеу үшін салық төлеушілер өз міндеттемелерін уақытылы орындап, есептілікті дер кезінде тапсыруы тиіс. Бұл бизнестің тұрақтылығы мен заң талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етудің басты кепілі болып табылады.

Зейнолла Мамырбекұлы РЫСБАЕВ,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ДЕРБЕС ШОТТАРЫН ЖІБЕРУ

Салық төлеушілердің назарына ҚР ҚМ 27.02.2018 ж. № 306 бұйрығымен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу қағидаларының 135-тармағына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) Дербес шоттарды бір мемлекеттік кіріс органынан басқа мемлекеттік кіріс органына беру мынадай жағдайларда жүргізілетінін жеткіземіз:

✓ жеке тұлғаның тұрғылықты (болу) жері;

✓ дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың,кәсіби медиатордың;

✓ резидент заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің;

✓ Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік ашпай, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғаның;

✓ тұрақты мекемесі ретінде қарастырылатын тәуелді агенттің;

✓ салық агенті болып табылатын бейрезиденттің орналасқан жері өзгерген кезде жүргізіледі.

Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шоттарын құқық мирасқорының(құқық мирасқорларының) тіркеу есебіне алынған орны бойынша мемлекеттік кіріс органына беру:

1) біріккен, қосылған кезде – беру актісі негізінде;

2) бөлінген, бөлініп шыққан кезде – бөліну балансы негізінде жүргізіледі.

Заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шотын беру салықтық тексеру аяқталған соң және тексеру нәтижелері қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шотында көрсетілгеннен кейін жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшесінің жеке шотының сальдосын жеке шотқа беруді заңды тұлға, сонымен бірге заңды тұлға жеке салық төлеушімен өз құрылымдық бөлімшесін тануды жою туралы шешім қабылданған жағдайда жүзеге асырады.

Жеке шот ашқаннан бастап беретін салық органында оның жабылған күніне дейінгі кезең үшін беріледі.

Осылайша, дербес шоттарды беру тіркеу деректері өзгерген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

Салық төлеушінің жаңа орналасқан жері, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша Мемлекеттік кірістер органында бұрынғы дербес шоттар жүргізілетін орын бойынша Мемлекеттік кірістер органы жіберген дербес шоттың кіріс сальдосы ескеріле отырып, дербес шоттар ашылады.

Лаура Берікқызы НУРМУХАМЕДОВА,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің көптеген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту жұмыстары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санап, қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

С. И. РЫСКУЛОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМЫМЫЗҒА ҚАУІП, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ!

Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы мемлекеттік қызмет және салық саласында сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде атсалысады.

Күн сайын біз өз қызметімізде адалдық пен ашықтықты қамтамасыз етуге ұмтыламыз, сонда салықтық түсімдер азаматтарымыздың игілігі үшін жұмсалады.

Сыбайлас жемқорлықпен қалай күресеміз?

Ашық жұмыс процесі: Салықтық және кедендік қызметтермен байланысты барлық процестер азаматтар үшін ашық және қолжетімді.

• **Білім беру және ақпараттандыру:** Біз мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарды құқықтық нормалармен, коррупцияның орынсыздығымен және оның салдарымен таныстыратын түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз.

• **Күрес механизмдері:** Біз адам факторын азайтып, коррупцияны болдырмау үшін электрондық декларация жүйелерін енгізудеміз.

• **Кері байланыс:** Біз азаматтарды коррупциялық әрекеттер туралы хабарлауға шақырамыз, толық анонимділік пен құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ете отырып.

Есіңізде болсын: сыбайлас жемқорлықпен күресу – әрқайсымыздың міндетіміз!

Бізге хабарласудан тартынбаңыз, процестерді бақылаңыз, бірге таза және адал қоғам құрайық!

Тек сіздермен бірге біз Қазақстанды сыбайлас жемқорлықтан таза қоғамға айналдыра аламыз!

Шыңғыс Әсілбекұлы ИГЕНОВ,
Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МҮМКІНДІК

Орталық Азия Инновациялық университетінің «Тілдер және әдебиет» кафедрасы

Тіл – ұлттың рухани тұғыры, ал әдебиет – халықтың тарихи жадын, дүниетанымы мен мәдени болмысын танытатын құндылық. Осы мұраны ғылыми тұрғыдан зерделеп, оны кейінгі ұрпаққа жеткізе алатын білікті мамандарды даярлау – Орталық Азия Инновациялық университетінің «Тілдер және әдебиет» кафедрасының негізгі бағыты.

Шымкент қаласында орналасқан университет Түркістан өңіріндегі жетекші оқу-ғылыми орталықтардың бірі ретінде білім беру мен зерттеу жұмысын ұштастырады. Кафедрада тәжірибелі профессор-оқытушылар еңбек етеді, заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады және білім беру үдерісі халықаралық талаптарға бағдарланған. Білім алушылар теориялық біліммен қатар кәсіби ортада қажет болатын практикалық дағдыларды меңгереді.

Білім беру бағдарламалары

Кафедрада тіл, әдебиет, және аударма салаларын қамтитын бакалавриат бағдарламалары жүзеге асырылады. Бұл бағыттар болашақ мұғалімдерге, филологтарға және аудармашыларға қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бакалавриат бағдарламалары

6В01704 – Қазақ тілі мен әдебиеті
6В01702 – Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
6В01705 – Шетел тілі: екі шетел тілі
6В02301 – Аударма ісі

Инновациялық IP бағдарламалары

6В01711 – Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP)
6В01713 – Шетел тілдері (IP)
6В01712 – Ағылшын тілі (IP)
6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)

Магистратура бағдарламалары

Ғылыми-педагогикалық бағытын жалғастырғысы келетін білім алушылар үшін магистратурада үш бағдарлама қарастырылған:
7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті
7М01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі
7М01703 – Орыс тілі мен әдебиеті
Магистратура бағдарламалары жоғары оқу орнында оқытушылық қызмет атқаруға, ғылыми зерттеулер жүргізуге және білімді докторантура деңгейінде жалғастыруға негіз қалайды.

Даярлаудың мақсаты

Кафедраның білім беру бағдарламалары кәсіби білімі терең, мәдениетаралық қарым-қатынасқа бейім және педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастыра алатын маман даярлауға бағытталған. Осы мақсат аясында:
- жалпыадамзаттық, әлеуметтік және тұлғалық құндылықтар қалыптастырылады;
- мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттер дамытылады;
- жалпы тіл білімі мен әдебиеттанудағы заманауи ғылыми тұжырымдамалар мен жетістіктер меңгеріледі;
- кәсіби қызметті жоспарлау, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және басқару дағдылары қалыптастырылады;
- ғылыми-философиялық дүниетаным, руханият және ұлттық сана туралы терең түсінік беріледі.

Негізгі міндеттер

Тіл білімі мен әдебиеттанудың заманауи бағыттарын, сондай-ақ тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерін терең зерделеу.

Мамандар даярлау барысында ғылыми-теориялық және инновациялық әдістерді тиімді қолдану.

Болашақ мамандардың әлеуметтік-мәдени, лингвокоммуникациялық, кәсіби, іргелі, көптілді және инновациялық құзыреттерін дамыту.

Үштілді білім беру мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тілдік құзыреттілікті жетілдіру.

Педагогикалық және психологиялық даярлықты жүйелі түрде нығайту.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге және білімді магистратура мен докторантурада жалғастыруға қажетті дайындықты қамтамасыз ету.

Білім алушыларға берілетін мүмкіндіктер

Білім алушылар заманауи аудиториялар мен жабдықталған зертханаларда оқып, мектептердегі өндірістік практикадан өтеді. Олар ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға, сараланған гранттар мен ректор жеңілдіктеріне үміткер болуға және жұмысқа орналасуға бағытталған қолдауды пайдалануға мүмкіндік алады.

Кафедра түлектері мектептер мен гимназияларда мұғалім, жоғары оқу орындарында оқытушы, халықаралық ұйымдар мен дипломатиялық қызметте аудармашы, сондай-ақ баспа, редакция және филология салаларында маман болып еңбек ете алады.

Болашақ маманға бағыт

Тіл мен әдебиетке қызығатын, педагогикада немесе халықаралық ортада кәсіби жолын қалыптастырғысы келетін талапкерлер үшін кафедра сапалы білім алуға, практикалық тәжірибе жинауға және ғылыми әлеуетін дамытуға жағдай жасайды.

Орталық Азия Инновациялық университетіндегі оқу – білімді кәсіби мақсатпен ұштастырып, таңдаған салада сенімді қадам жасауға мүмкіндік беретін кезең.

Байланыс ақпараты
Мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Байтұрсынов көшесі, № 80
Орталық Азия Инновациялық университеті
«Педагогика және тілдер» факультеті
«Тілдер және әдебиет» кафедрасы
Сіздерді «Тілдер және әдебиет» кафедрасында күтеміз.

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС

Төраға:
Қуанышбек БОТАБЕК

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*

Ержан УӘЙІС
ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі *(Түркия)*

Балжан АРИНОВА *(Астана қаласы мен Ақмола облысы)*

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 663 50 55
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 2271.



МҰҚАҒАЛИ мен ЗЕЙНОЛЛА

(Тағдырлардың тағдыры)

(Соңы. Басы 1-бетте).

Зекең туралы хабар түсіру барысында Қызылорда қаласындағы Мұқағали түскен үйді де көрдім. Төлебаев көшесіндегі екі бөлмелі шағын пәтер. Әрине, Шүкіровтер ол үйден баяғыда көшіп кеткен. Тек ол пәтер бағдарламаға пайдалану үшін, яғни, журналист ретінде кадрде тұрып: «Мына үйде орналасқан Зейнолла Шүкіровтің пәтеріне Мұқағали келген», – деп түсіндіре сөйлеп, елге көрсету үшін керек болды.

Мына бір хат назар аудартпай қоймайды. «Жұлдыз» журналының алпысыншы жылдардағы бланкасына жазылған хатта: «Зейнолла! Тірлігіңе тілектеспін. Мәңгілік өмір сүрмесең, басымды кесіп берейін. Жібергеніңнің барлығын сол қалпында ұсындым. Бара жатыр. Жаңалық айтып, хат жаз. Мұнда... да жоқ. Бәрі баяғыдай. Мұқағали», – деп жазылған. Мұқаңның бұл хатынан Зекеңе деген жанашырлығы, оның шығармашылығын ерекше бағалайтындығы көрінеді.

Ал Мұқағалидың Зекеңе жазған екінші хаты тіпті қызық. Хат «Бүгін бір жұмыспен (демалыс күні) отырып едім. Ол жұмыс мені қызықтырған, сұмдық қызықтырған. Ең қызық жеріне келгенде, үйге Тоқаш келді... Үй ішім, әсіресе әйелім суық қарсы алды оны (Тоқаштың біздің үйге істеген тентектігі жоқ, сірә ол туралы сасық қауесетті сырттан естиді ғой деймін, бірақ Тоқаш біздің үйдің байырғы қонағы. Мен мұны (Т-ты) 1948 жылдан білемін», – деп басталады. Ақын әрі қарай отбасының оны неге салқын қарсы алғанының себебін түсіндіреді. «Оны суық қарсы алды. Үй-ішім менің жұмыс істегенімді жақсы көреді, біледі нанның немен табылатынын. Ол (Т-ш) шаршап... келіпті, жатқыздым да жұмысымды жалғайын деп ем, зауқым шаппады (жұмысқа). Сен ойыма орала бердің...».

Осы сәт Мұқағалидың есіне Зейнолла Шүкіров неге түсті екен деген ой келеді. Бәлкім, алдындағыны бұзып-жарып жүретін тентек мінезді Тоқашты көріп, төсекке таңылып жатқан періште көңіл Зейнолла көз алдына елестеді ме екен?! Асау арғымақ пен тұсаулы тұлпарды салыстыра отырып ой толғады ма, кім біледі? Әйтпесе, оған жазып отырған хатында үйіне Тоқаштың келгенін айтып несі бар? Мұқаң одан әрі Зекеңе былайша сырын ақтарады:

«Зекен! Мен сенімен ашылып пікірлесе алмадым. Себебі – баяғы сенімсіздік (Жаратқан ием-ай, ашылып пікірлесу де рахат екен ғой...). Екінші себеп, прозаларыңды әлі оқымап едім, өтірік көлгірсуге арым шыдамады. Ал өлеңге деген пікірің әлгіндей болғаннан кейін тағы да аузымды жұмдым. Айтқаныңа да, былтырлар («Қазақ әдебиетінде») жарияланған мақалаға да ұйымадым. Сол үшін жым болдым. Ауылдарыңда көсіле жаттым, көпіре сөйлей алмадым. Өзіңмен пікірлесер көп жайттар бары анық». Осыдан-ақ Мұқағалидың жалған сөйлей алмайтын шынайылығы айқын көрініп тұр. Ойындағысын лақ еткізіп ақтара салады.

Тағдырмен тайталасқан талантты тұлға Зейнолла Шүкіров туралы жазылған шығармалардың ішінен үш туындыны бөліп алуға болар еді. Оның біріншісі – қазақ әдебиетінің алыбы Асқар Тоқмағамбетовтың «Жаралы жолбарыс» атты дастаны. Екіншісі – көрнекті ақынымыз Мұзафар Әлімбаевтың ақынның елу жылдығына арнап жазған «Құрыш қазақ» атты поэмасы. Үшіншісі – Мұқағалидың «Тағдырлардың тағдыры» деп аталатын өлеңі.

Буырқанған теңіздей жатыр екен ашынып,
Қайғы емес, қаталдық қабақта тұр ашылып.
Тағдыр дейтін баяғы жалаң аяқ мыстаның,
Жалынады кете алмай, аяғына бас ұрып,

Тағдыр дейтін сүмелек шыр айналып кетпейді,
Ол қабағын шытынса, есік жаққа беттейді,
Табанында тағдырға ызғарменен қарайды,
Қарайды да аяйды, аяйды да теппейді.

Зекең туралы талай айтылған, сан рет жазылған естеліктердің мазмұны осы төрт шумақ өлеңге толық сыйып кетеді. Алланың салған сынағына бас ұрып, өз тағдырын өзі билеуге ұмтылған қайсар жанның өмірге құштарлығын, тынымсыз күресін Мұқағали басқаша көзбен көре алды. Мұқағали ғана байқай алатын биіктен зер салсақ, Зейнолларға талай жыл сес көрсеткен тағдыр одан әлдеқашан жеңіліп тынған. Өйткені, ақынның өзі тағдырға айналған. «Тағдырлардың тағдыры» – Зейнолларға ғана лайық, лайық болған күннің өзінде Мұқағали ғана зерлей алатын ерекше ұғым. Оның өзі де тағдырмен талай рет арпалысқа түсіп көрген ақын. Сондықтан ол Зекеңді тағдырдан теперіш көрген адам емес, керісінше, тағдырды ақыннан құдалау көргендей етіп бейнелейді. Өмір-өлеңнің призмасына кері ракурспен қарау арқылы өзгеше образ жасайды.

Дәл төріне қондырып, өмір дейтін жолдасын,
Екеу ара қақ бөлді, байлық, бақыт, олжасын.
Қарамайды, қайтсін ол оңай-оспақ тағдырды,
Тағдырлардың тағдыры – өзі тағдыр болғасын.

Буырқанған теңіздей жатыр екен ашынып,
Атылады аспанға ақ көбігі шашылып.
Қателігін кеш ұққан тағдыр дейтін қайыршы,
Жүгіріп жүр жағада сауға сұрап, бас ұрып...

Ал енді Мұқағалидың Зекеңе арналған осы өлеңі көпшілікке жақсы таныс болғанымен Зейнолла Шүкіровтің «Мұқағалиға жауап» деген өлеңін жұрттың бәрі бірдей біле бермеуі мүмкін. Ол бұл өлеңі арқылы өзі ақындықтың сұлтаны деп бағалайтын Мұқағалимен поэзияның тазалығы жөнінде ашылып сырласқысы келген сияқты. Айналасындағы ақындардың өлең өріміне, тақырып таңдауына көңілі толмайды. Әріптестерінің ізденбейтіндігіне, бірсыдырғы сүрлеуден шықпайтындығына күйзеледі. Олардың жырларында жалт еткен жаңалықтың жоқтығына налиды. Шөп те өлең, шөңге де өлең болғанына қиналады. Қайран поэзияның күйкі тірліктің көлеңкесінде қалып бара жатқанына жаны шыдамайды. Құдіретті музаның қарадүрсіндікке айналған көңілсіздеу көріністерін тізбелеп термелейді. Осынау өзгешелеу өлеңін саналы түрде жалғыз ғана ұйқаспен өреді.

Бір осал жоқ бұл күнде кіл дүр ақын,
Белден басып бунақты сындыратын.
Темір-терсек, тау-тасты жыр қылатын,
«Тауып айтып» төрт жолмен тындыратын,
Өмір жайлы ойдан ой тудыратын...
...Бос мақалдап, жел сөзді сылдырату...
Қайран жігіт, қажыған шалдан бетер,
Ойлар... ойлар... әйтеуір бұлдырату...
Бұл – жігіттер, өлеңді құлдырату!

Бұл – оның Мұқағалиға ағынан жарылуы. Өзінің тек тағдырмен ғана емес, өлең өлкесіндегі жалғандықпен де күресіп жүргенін түсіндіргені. Ол үшін Мұқағали поэзияның құндылығы жөнінде шағынатын өрелі өлшемге айналып отыр. Зекең оған жыр ауылының ахуалын баяндайды, өзінің көзқарасын танытады. Мұқағалидан төрелік күткен тәрізді.

* * *

Мұзбалақ Мұқағали, зерделі Зейнолла...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАРЫ

университет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының кезекті есептік-сайлау конференциясында жоғары бағаланды

Жақында Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының кезекті есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Осы аталмыш конференцияға Орталық аппараттан Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының төрайымы А. М.Мұқашева, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының құқықтық инспектор А. Ж. Бектабанов, ал университет тарапынан Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректор Ләззат Төлегенқызы және университеттің құрылымдық бөлімдерінен сайланған 65 делегат шақырылып, соның 64 делегаты келіп қатысты.



Есеп беру-сайлау конференциясының алғысөзін алдымен Орталық аппараттан Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының төрайымы А. М. Мұқашева ашып беріп, одан кейін университет тарапынан Басқарма мүшесі-әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректор Л. Төлегенқызы сөз алып, одан Тарих факультеті Қазақтан тарихы кафедрасының профессоры Т. С. Садыков пен Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі Журналистика және медиаөнер кафедрасының профессоры М.Б.Тоқтағазин сөз алып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Одан кейін конференцияны жүргізуші Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Б. Сейдеш бүгінгі өткізіліп отырған Конференцияның күн тәртібі туралы ұсынысын айтты. Ол 2022-2026 жылдар аралығында бастауыш кәсіподақ ұйымының атқарған жұмысы туралы баяндама жасап, 2022-2026 жылдар аралығындағы ревизиялық комиссияның есебі тыңдалды.

Одан кейін, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті Кәсіподақ комитетінің төрағасы Сейдеш Бәкіжан Болатбекұлы өз баяндамасында 2021 жылғы 26 қазан күні «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалының кезектен тыс есептік-сайлау конференциясында Төраға лауазымына сайланғанын айта келе, бүгінгі заманауи кезеңге сәйкес әлемдік әлеуметтік-экономикалық процестердегі жаһандық өзгерістер еңбеккерлер өміріне орасан зор ықпалын тигізіп, кәсіподақтар қозғалысына жаңа талаптар мен міндеттер жүктеуде деп бастай келе, білім мен ғылым саласы – үнемі жаңару мен қарқынды өзгерістерді талап ететін маңызды сала. Осы орайда, әрбір қызметкердің кәсіби мүддесі мен әлеуметтік кепілдіктерін қорғау – қоғам дамуының негізгі тірегі. Біздің ұйым «бірлік пен ұйымшылдық» қағидасын берік ұстана отырып, әрбір еңбек адамының құқығын қорғауда табанды еңбек етіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей: «Кәсіподақтар – азаматтық қоғамның маңызды институты және еңбек адамының құқығын қорғайтын негізгі күш». Біздің бес жылдық жұмысымыз осы бағытпен үндесіп, университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің мүддесін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, құқықтық қорғау, әлеуметтік қолдау және кәсіби мүддені ілгерілету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізілді дей келе, осы орайда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы да университетіміздің ішкі әлеуметтік еңбек саласындағы өзекті мәселелерді шешуге толыққанды ат салысып отырғандығын, сонымен қатар Кәсіподақ ұйымының еңбек адамының құқығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп келе жатқандығын ерекше атап өтті.

Университеттің кәсіподақ ұйымы үнемі тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша университетте 2815 қызметкер, оның ішінде 1481 кәсіподақ мүшесі бар, бұл қызметкерлердің 53%-ын құрайды.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК

Жұмыс беруші мен университеттің профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлерінің өзара мүдделерін қамтамасыз ететін талаптар мен шарттарды жасасып, олардың қызметін үйлестіруде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметкерлерінің Ұжымдық шарты ерекше роль атқаратыны белгілі.

Осы мақсатта, бірінші кезекте 2022-2025 жылдарға арналған ұжымдық шарт 2022 жылғы 23 маусымда қабылданып, бекітілсе, ал 2025 жылы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес 2025-2028 жылдарға арналған екінші ұжымдық шарт әзірленіп, бекітілген болатын.

2025–2028 жылдарға арналған Ұжымдық шартта ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің еңбек жағдайлары, жұмыспен қамтылуы және әлеуметтік кепілдіктер бойынша 2023-2026 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің талаптары ескерілді. Орталық аппараттың тарапынан жүргізілген Қоғамдық бақылаудың нәтижесінде университет әкімшілік персонал қызметкерлерінің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын үш күнге дейін ұзарту туралы норма енгізілді.



ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

Еңбекті қорғау – кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Кәсіподақ ұйымы мен университет басшылығы еңбек қауіпсіздігі мәселелерін бірлесіп шешуге және қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізді.

2022–2026 жылдар аралығында еңбек жағдайлары, еңбек тәртібі, жазатайым оқиғалар, тәртіптік мәселелер және еңбек дауларына қатысты өтініштер мен мәселелер қаралды. Тиісті жағдайларда этика, тәртіптік және келісу комиссияларының қарауына ұсынылды.

Елімізде жүргізіліп жатқан Конституциялық реформалардың нәтижесінде 2026 жылдың Наурыз айында жаңа Конституция қабылданса, ал тамыз айының 23-ші жұлдызында Заң шығарушы орган Құрылтай құрылып, Құрылтай депутаттарының сайлауы өткізілген болатын. Және, еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыру мақсатында былтырғы 2025 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, жұмысшылардың құқықтық мәртебесін айқындап берсе, біздің университетте осы «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай университеттің қарапайым жұмыскер санатындағы 10 жұмыскерге Кәсіподақ тарапынан тегін Қазақстанның беделді шипажайларына тиісті 10 жолдамаға Сертификат берілгенін де ерекше қамқорлық деп атап өтуге болар еді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 203-1-бабына да 3-ші маусым күні мынадай мазмұнда толықтырулар енгізіліп, 2026 жылдың 4 тамызынан бастап күшіне енуі де, жұмыскерлердің мүдделерін қорғауға байланысты жаңа серпін берді.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың еңбегіне ақы төлеу тәртібі ұжымдық шартта айқындалуы мүмкін.

Нәтижесінде осы енгізілген нормаға сәйкес 2026 жылдың сәуір айында Орталық аппараттан Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының төрайымы А. М. Мұқашеваның орынбасары В.Ф. Беженаров мырзаның жіберген хаты бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының басталуына байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің Бас ғимаратындағы №208-ші акт залында барлық жұмыскерлер санатын, оның ішінде құрылысшылар, ремонт жүргізетін жұмыскерлерді жинап университеттің еңбекті қорғау қызметі өндірістік бақылау инспекторы Асқар Тасқалиевтың қатысуымен нұсқау жұмыстары жүргізілген болатын.

МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ, СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ШАРАЛАР

Кәсіподақ ұйымы жыл сайын университеттің құрылымдық бөлімшелерімен, оның ішінде Jastar департаментімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық, спорттық және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысып, материалдық қолдау көрсетті. Мынадай жұмыстар атқарылды: «Денсаулық және сергектік» спартакиадасы, Ақселеу Сейдімбек атындағы тастаяқ турнирі, «ENU BARYSY» республикалық турнирі, киберспорттық турнир, минифутбол спартакиадасы, марафондар және басқа да спорттық іс-шараларға қолдау көрсетілді. «Күлтегін» декадасы аясындағы іс-шаралар ұйымдастырылды. 1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетілді. 1 қыркүйек қарсаңында көпбалалы отбасыларға арналған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді. Халықаралық карттар күніне орай «Ардагерлерді ардақтайық» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және еңбек ардагерлеріне қолдау көрсетілді. «Қош келдің, Жаңа жыл!» іс-шаралары аясында кәсіподақ мүшелеріне сыйлықтар табыстау және жаңа жылдық ертеңгіліктер ұйымдастырылды.

2025 жылы «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында еңбек адамын қолдау, олардың денсаулығын нығайту және еңбекке қабілеттілігін арттыру бағытында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар жүзеге асырылды. Университетпен бірлесіп, қызметкерлерге шипажайларға жолдамалар берілді. 2026 жылы университеттің 30 жылдық мерейтойы аясында жыл бойы түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шаралар спорт, білім, тәрбие және әлеуметтік бағыттарды қамтып, ұжым бірлігін нығайтуға және мерейтойды кең көлемде атап өтуге бағытталды.

САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Кәсіподақ ұйымы қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – қызметкерлерді сауықтыру және демалысын ұйымдастыру. Кәсіподақ мүшелеріне «Сарыағаш» емдік-сауықтыру кешені, «Алтынай», «Әсел», «Манкент», «Мойылды», «Сосновый бор» шипажайларына жолдамалар ұсынылды. Қазақстан Республикасы аумағындағы шипажайларда демалған кәсіподақ мүшелеріне есепті қаржылық құжаттары болған жағдайда 30 пайыздық жеңілдік қарастырылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

Кәсіподақ ұйымының кезекті отырыстарында жоспарлы мәселелер қаралып, ай сайын қаржыландыру қорытындылары шығарылды. Тексеру комиссиясы қаржының бөлінуіне жылына екі рет тексеру жүргізді. Қайырымдылық көмек кәсіподақ комитеті мүшелерінің шешімі негізінде бөлінді. Жыл басында мерейтойларға, емделуге және басқа да әлеуметтік қажеттіліктерге қаражат бөлу мәселелері қарастырылып, тиісті шешімдер қабылданды. Жыл ішінде педагогикалық ұжым мен қызметкерлердің қайырымдылық және әлеуметтік қажеттіліктері бойынша өтініштері қабылданып отырды.

МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІН ЫНТАЛАНДЫРУ

Кәсіподақ мүшелерінің кәсіби мүдделері мен әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғауға қосқан үлесі, университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысуы, қайырымдылық іс-шараларды қолдауы және әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға көмек көрсетуі ескеріліп, белсенді мүшелер салалық марапаттармен марапатталды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ

Кәсіподақ ұйымының мүшелері жыл сайын Қазақстан оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы ұйымдастыратын республикалық форумдарға, семинар-кеңестерге, оқыту іс-шараларына және тәжірибе алмасу кездесулеріне белсенді қатысып отырады, мысалы жас педагогтарды қолдау мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының ұйымдастырып, қаржылай қолдауымен былтыр 2025 жылдың маусым айында «Ала көл демалыс аумағында» ұйымдастырылған, және биылғы 2026 жылдың маусым айында «Зеренді» демалыс аумағында» ұйымдастырылған жазғы жиынға университетіміздің жас ғалымдары барып қатысып қайтса, сонымен қатар, еңбекші әйелдерді қолдау, кәсіподақтардың әлеуметтік саладағы рөлі, еңбек қауіпсіздігі, қаржы және құқықтық қызмет, ұйымдастыру бағыттарын қамтитын іс-шараларға кәсіподақ ұйымының басқару аппараты, техникалық инспекторлары, ревизиялық комиссия мүшелері, педагогтар, жас мамандар және басқа да қызметкерлері қатысып өз біліктіліктерін шыңдап отырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

2022-2026 жылдар аралығында бастауыш кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік әріптестікті дамыту, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сауықтыру, қайырымдылық көмек көрсету, мәдени-спорттық іс-шараларға қолдау көрсету және кәсіподақ мүшелерінің біліктілігін арттыру бағыттарында жүйелі жұмыс жүргізген.

Алдағы кезеңде де кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғауға, еңбек жағдайларын жақсартуға, әлеуметтік қолдау тетіктерін дамытуға және университет ұжымының қоғамдық өміріне белсенді қатысуға бағытталған жұмысты жалғастырмақ.

ЕҰУ-дің кәсіподақ ұйымы атқарған басқа да шаралар аз емес. Соның бәрін іскерлікпен басқарған Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Бәкіжан Болатбекұлы Сейдештің іскерлігі мен еңбекқорлығына конференцияға қатысушылар риза болып тарқасты. Б.Сейдеш мырза жаңа кезеңге бірауыздан қайта сайланды. Оның жұмысына Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының төрайымы А. М. Мұқашева жоғары баға берді. Біз де абыройлы басшының келбетіне риза болып аттандық.

Балжан АРИНОВА,
«Әділеттің» Астана қаласы мен Ақмола облысындағы арнаулы тілшісі
Астана қаласы